Ақыл мен жан — «мен» өзім, тән — «менікі».
«Мені» мен «менікі»ніц мағнасы — екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

(Разум с душой — это «я», тело — «мое»,
«Я» и «мое» — два различные понятия.
Бессмертие «я» предписано судьбой,
Пусть «мое» умирает — ты крепись).

В «Сорок третьем слове», написанном в 1898 году, Абай также отмечает: «Адам баласы екі нәрсемен: бірі — тән, бірі — жан». («Человеческое существо состоит из двух явлений: одно — тело, другое — душа»).

Причины такой противоречивости миропонимания Абая надо искать в противоречивости той социальной действительности, в условиях которой формировалось мировоззрение Абая.

Дело в том, что просветительские идеи Абая, его взгляды на природу и общество формировались под прогрессивным влиянием присоединения Казахстана к России, под влиянием передовой русской культуры. Восприятие Абаем прогрессивных идей, исходивших из демократических кругов русского народа, имело на него

благотворное влияние в формировании его материалистических взглядов на мир.

Но Абай жил в отсталой патриархально-феодальной общественной среде, в которой господствовало религиозное мировоззрение, получило широкое распространение религиозно-мистическое учение ислама, проповедуемое мусульманским духовенством. Это не могло не влиять отрицательно на Абая, обучавшегося в детстве в мусульманской религиозной школе-медресе, не могло не наложит своего отпечатка на миропонимание поэта.

Нужно сказать, что просветительские идеи Абая, возвышающие роль разума, вступают у него в противоречие с религиозными предрассудками. Здравый рассудок помогает Абаю видеть отсутствие всякой логики в религиозных догматах, их нелепость. Он пытается ревизовать их некоторые положения.

Абай указывает: «...Говорят, бог велик и могуществен, это бесспорно. Но почему это великое нуждается в том, чтобы мы ему служили?». («Ол құдайдың ұлықтығына іңкәрім жоқ. Бірақ сондай ұлық құдай, менің құлшылығыма не қылып мұқтаж болады?»). Правда, эти слова сказаны Абаем в форме изложения беседы Сократа с Аристодимом. Но здесь, несомненно, высказана его собственная мысль.

Из религиозных догматов Абаю известно, что бог является носителем добра, что он безупречен и безгрешен, что он будто бы творец всего сущего, всех явлений действительности. Между тем одни богаты, другие бедны, одни больны, другие здоровы; одни расположены к добру, другие к злу. И характеры людей различные. Хотя бог является носителем добра, «... но вот оказывается, что бог вознаграждает богатством клятвопреступников, тунеядцев, а людей, которые честно трудятся и молятся, он лишает последней возможности прокормить жену и детей, обращая их труд в ничто. Видим часто, что скромный человек болеет и унижен. Наоборот, воры, мошенники здоровы». («Енді құдай тағала бір антұрғанға, еңбексізге мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, еңбек қылып іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық қылмай, кедей қылады екен. Бір залалсыз момынды ауру қылып, қор қылады екен. Кейбір ұры, залымның денін сау қылады екен»). Далее Абай продолжает, показывая противоречие между свой-

ством бога быть источником добра и результатами его творений:

«Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті бейіске шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пәндесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдыретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жаманшылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың ғайыпсыз, мінсіз, ғапур (кешіруші) рахымдығына әділдігіне лайық келе ме?» («Создатель, говоря всему народу: будьте справедливыми и честными, показал правильный путь. Сказал, что праведные возвысятся, а нечестные получат муку. В то же время сам он одних ведет к добру, других — к злу. Разве все это соответствует безупречности и безгрешности, справедливости господа бога?»).

Эти рассуждения Абая, исходящие из здравого рассудка, показывая противоречивость и бессмысленность утверждений религиозных догматов, по существу наталкивают людей на мысль о несостоятельности этих догматов. Эти рассуждения, безусловно, расшатывают веру людей в бога, в его премудрость, веру в то, что бог будто бы является воплощением всех благодеяний. Но эти утверждения Абая исходят не из его глубоких убеждений, а из велений разума, из логики вещей. Поэтому Абай старается смягчить свои доводы, направленные против религиозных догматов, и доказать, что бог существует, что он творец как добра, так и зла, но он, мол, не заставляет людей их совершать. «Ауруды жараткан құдай, ауырткан құдай емес. Байлықты, кедейлікті жараткан құдай, бай кылган, кедей кылған құдай емес...». («Создатель болезни — господь бог, но не он заставляет болеть, бог создал богатство и бедность, но не бог создал тебя бедным и богатым»).

Но и эти утверждения Абая идут в разрез с религиозными предрассудками, объясняющими причины бедности и богатства тем, что это якобы предопределено божественным предписанием. Указывая на то, что люди становятся бедными или богатыми не по божьей воле, что обогащение или обнищание зависит от самих людей, Абай на деле подрывает основу идеологического оправдания бедноты и богатства идеологами господствующих классов патриархально-феодального общества.

Абай не говорит о том, что бедность и богатство являются неизбежным следствием классового общества. Однако обогащение отдельных людей Абай рассматривает не как мистическое, фаталистическое явление, а как результат деятельности конкретных людей, результат их умения, хитрости, ловкости, нечестных действий, мошенничества, которые не предусмотрены богом , а зависят от этих самих людей.

Будучи верующим, Абай даже религиозные представления людей старался использовать в интересах развития просвещения. Абай убеждает их, что даже божественные предписания обязывают людей заниматься изучением наук, познанием законов мира и применять свои знания в практической, производственной деятельности. Абай резко критикует мулл, обучающих детей ни к чему не пригодной схоластике, оторванной от жизни, от практики. Учебу в медресе считает он пустой, бездарной затратой времени. Из медресе выходят, как говорит Абай, «...бездарные невежды, неспособные к полезным делам, они занимаются поэтому охотой на людей, становятся на путь обмана и бесчестия» («...дуниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, харекетке лайықағы жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады»).

Абай ненавидит мулл, обучающих и воспитывающих невежд. Он характеризует мулл как людей бездарных, которые не приносят народу ничего, кроме вреда. Муллы, указывает он, прикидываются учеными в области богословия, в действительности сами не понимают сущности религии, являются круглыми невеждами.

О них Абай говорит, что они разлагают людей, никакой пользы не приносят в вере, их любимые люди — невежды, говорят муллы, только ложь, их доказательства основаны на перебирании четок и белой чалме, кроме них нет у них ничего.

Абай критикует мулл за то, что они занимаются бесполезными делами, их деятельность и действия чужды здравому рассудку, основаны на лжи и невежестве. Они не хотят заниматься изучением положительных наук и не думают содействовать облегению жизни трудового народа, наоборот, насаждают невежество, помогают нечестным людям.

Критика Абаем деятельности мулл имеет важное значение. Разоблачая мулл, проповедников религиозных верований как лживых и невежественных людей, он вызы-

вает недоверие к муллам со стороны масс и тем самым создает идейные предпосылки подрыва фанатической веры россказням мусульманского духовенства.

Хотя Абай был верующим, но он не мирился с забитостью, задавленностью народа, который в условиях патриархально-феодального общества, в условиях жестокого классового угнетения чувствовал себя беспомощным, бессильным выйти из тяжелого положения. Абай выступает против этого бессилия и беспомощности людей, призывает их к борьбе за избавление от невежества путем познавания законов мира, овладения наукой и искусством в целях облегчения и улучшения жизни. Чтобы достигнуть этой цели, люди должны совершенствоваться в искусстве. Но эти просветительские идеи Абая иногда облекаются в религиозную оболочку. В частности, в «Тридцать восьмом слове» он говорит, что цель познания — познание способностей бога и познание себя, познание мира, чтобы уметь использовать полезное, удалить вредное. Познание бога, по Абаю, означает познание его признаков, состоящих в том, чтобы знать, мочь, видеть, слышать, любить, говорить, творить. Абай указывает, что эти признаки бога в уменьшенном виде имеются и в человеке. Задачи человеческого познания состоят в том, чтобы люди обладали этими признаками, были такими же мощными, такими же умелыми, каким является бог. Абай наивно полагает, что бог создал человека, создал бесчисленные виды животных, дал им соответствующие органы, создал условия их существования. Эти творения бога настолько сложны и настолько велики, что у людей не хватает ума, чтобы все это вообразить и представить.

Абай считает, что люди не могут добиться полного познания бога. Ибо бог — безграничное, неизмеримое, в то время как люди — ограниченное, измеримое; а ограниченное не может познать неограниченное, говорит Абай. В этом понимании Абаем бога как неизмеримого, безграничного проскальзывает мысль, говорящая о пантеистическом представлении действительности, отождествляющем бога с природой, вселенной, которую невозможно ни измерить, ни охватить.

Абай даже в своих идеалистических, религиозных рассуждениях о познании признаков бога старается возвышать человеческие способности, доказать, что человек путем просвещения может неизмеримо развить науку и

искусство, добиться для себя создания самых благоприятных условий жизни. Он говорит, что люди должны следовать за богом в совершенствовании своей мудрости и умения в производственной деятельности. Мы видим обожествление им человеческой потенции, веру в силу и способности человека. Здесь заслуживает внимания то обстоятельство, что даже там, где ярко проявляется его слабая сторона, его наивная вера в премудрость бога, Абай неизменно выражает идеи необходимости просвещения, возможности колоссального развития науки и техники, подчинения стихийных сил природы человеческой воле, потребностям общества. В самых противоречивых утверждениях Абая мы находим свежую струю его благородных, прогрессивных идей. В обстановке господства религиозного мировоззрения, господства мусульманского духовенства возвышение Абаем человеческой способности, ее обожествление имеет свое рациональное зерно, а именно: оно отрицает бессилие людей, усиливает их веру в свои силы и способности, развивает у них активность в борьбе за покорение стихийных сил природы. Обожествляя человеческие способности в познании мира, призывая подчинить стихийные силы природы, Абай возвышает ученых, считает их самыми благородными людьми, которые заслуживают самого глубокого уважения. Абай заявляет: «Если не было бы ученых, занимающихся научными изысканиями, мир разрушился бы. Красота человеческой жизни проявляется именно в ученых. Тайны мира обнаруживаются в результате их научных исследований» («Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фиғыл пәнденің қызығы осы жақсы хакімдер; әрнәрсе дүниеде солардың истихражы (шығару, ойлау) бірлен рауаж табады»).

Абай восхваляет ученых за то, что они упорно трудятся на благо человечества, принося в жертву свои личные удовольствия ради науки. Люди должны почитать ученых, приносящих пользу человечеству. Ученые, говорит Абай, обратили молнии неба в электричество. Они нашли способ связать различные уголки земли, заставили служить воду и огонь человечеству, дали людям умение и знание, с помощью которых один может делать то, чего не способна сделать тысяча человек.

Возвышение науки и искусства и восхваление ученых, исходящие из стремления Абая просветить свой народ, фактически наносят удар поповщине, религиозному мра-

кобесию, являющемуся заклятым врагом науки и просвещения. Однако эти просветительские идеи Абая проявились в очень противоречивой форме. Для него наука является единственной основой существования человеческого рода. Абай не понял, что не наука и знания являются основой общественной жизни, а наоборот, производственно-практическая деятельность людей и соответствующие ей их общественные отношения служат основой развития науки и техники. Только производственная, практическая потребность людей двигает развитие науки. Прогрессивная для своей эпохи, но, в сущности, ошибочная идея Абая, обусловливается его идеалистическими взглядами на общество, мнением, будто общественный прогресс определяется степенью просвещения.

Абай старается использовать религиозные верования людей для того, чтобы доказать, что изучение науки является долгом людей перед богом. В «Тридцать пятом слове», обращаясь к представителям мусульманского духовенства: ходжам, муллам, суфи, мурзам, Абай указывает, то им на том свете придется отчитываться за все проделанное ими при жизни, за то, занимались ли они полезными делами или обманом людей. Те, которые использовали знание и искусство для народа, будут там поощрены; те, которые занимались обманом — наказаны. А ученые, открывшие тайны мира и помогавшие людям, облегчая им жизнь, по Абаю, должны занять почетное место и на том свете, бог будет их поощрять за благотворительное дело.

Таким образом, Абай в своей борьбе против невежества, за просвещение народа пытается приспособить свои просветительские идеи к религиозным предрассудкам окружавших его людей. Он пугает их тем, что на том свете им придется держать ответ за нежелание заниматься изучением науки и просвещением. Это значит, что Абай в отдельных случаях, борясь против невежества, пользуется в этой борьбе сознательно или бессознательно аргументами невежества. Он хочет побить невежество с помощью невежественных доводов.

Такая противоречивость во взглядах Абая объясняется тем, что его здравые просветительские взгляды, исходящие из возвеличивания науки и искусства, проявлялись на фоне всеобщего невежества, религиозного мракобесия феодального общества, являющегося врагом науки и прогресса. Именно поэтому прстветительские идеи

Абая в отдельных его произведениях проявились в извращенном виде.

* * *

Считая занятие наукой и искусством величайшим благодеянием, Абай призывает молодежь к изучению, к познанию мира. Если вы со всей страстностью отдадитесь делу изучения наук, утверждает Абай, обращаясь к молодежи, то в нем вы найдете и богатства и почет. Он учит молодых людей:

Ондай болмақ қайда деп
Айтпа ғылым сүйсеңіз.

(Если вы любите науку, не говорите:
Нам никогда не стать такими (учеными — *К. Б.*).

Наука требует от людей упорства, настойчивости терпеливости, требует к себе горячей любви и беззаветной преданности. Только упорный и продолжительный труд позволяет людям овладеть наукой и знанием.

Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз?

(Кто вам даст науку,
Если вы погаснете прежде, чем разгореться?).

Просвещение Абай рассматривает как великую силу, помогающую людям познать пороки общественной жизни и находить пути устранения этих пороков. Только наука заставляет людей думать о народе и осмысливать жизненные явления, совершать благородные поступки.

В изучении науки, в просвещении народа Абай видит залог экономического и культурного прогресса казахского народа. Он утверждает, что изучение наук, просвещение научит людей, как зарабатывать честным трудом. Если станет много учащихся, образованных людей, то они не потерпят беззакония, говорит поэт-просветитель. Таким образом, Абай рассматривает просвещение как средство освобождения трудящихся от угнетения и бесправия. Абай призывает своих соотечественников к изучению наук. Однако он понимает, что не все люди, не все слои казахского населени заинтересованы в изучении наук, в просвещении, не все для этого

имеют возможности. Он приходит к выводу, что при тех условиях, которые сложились в патриархально-феодальном обществе, нет объективных возможностей широким слоям населения для изучения наук, для получения образования. Говоря о представителях местных органов власти, о волостных старшинах, Абай утверждает, что они не желают учиться, нет у них стремлений к просвещению. Волостные старшины стремятся не к тому, чтобы учиться, а к тому, чтобы учить других. Они считают себя совершенными людьми, призванными давать другим советы, учить их, быть примером для них. Если бы волостные старшины желали учиться, продолжает Абай, то они не стремились бы к административным должностям. К тому же, говорит он, волостные старшины заняты своими делами. Они беспокоятся, как бы их действия не получили порицания высшего начальства. Они боятся народа, беспокоятся, как бы народ не оказался «испорченным». Именно поэтому, по мнению Абая, волостные старшины не только не желают учиться, но и не имеют возможности учиться.

Абай утверждает, что по своему экономическому положению далеки от просвещения и баи. «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет конып дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малмен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым-білім — ешнәрсе малдан қымбат демейді... Оның діні, құдайы, ақыны, жұрты, білімі, ұяты, аты, жақыны бәрі мал. Сөзді қайтып ұқсын және ұғайын десе де, колы тие ме?» («Баи думают, что птица счастья сидит на их голове и считают себя владельцами полумира. Все, чего у них нет, могут покупать за скот. Они ничем не озабочены, ходят они задрав нос. Честь, бесчестье, разум, наука — все для них ниже скота... Для них религия — скот, народ — скот, совесть — скот. Как же им слушать советы, когда у них нет времени на это?»).

Это значит, что у баев нет никакой материальной заинтересованности в том, чтобы учиться и просвещаться. В их руках богатства являются той силой, с помощью которой они могут исполнить любое свое желание. Имущественное положение делает их совершенно безразличными к просвещению.

Абай говорит о простом народе, о бедных людях:

«Онша-мұнша қойжүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылымды не қылсын? Жанада білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «бізді не қыласын, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді». («А мирные люди, люди овечьей масти, не могут меня слушать, потому что они не обеспечены пропитанием. Они говорят так: «Почему вы обращаетесь к нам? Лучше обратитесь к тем, которые должны были бы понимать слова разума»). Бедные люди, говоря так, полагают, «будто они не нуждаются в просвещении», замечает Абай. Показывая забитость, тяжелое материальное положение трудящихся масс, которым в поисках пропитания не до думы о просвещении, Абай все же упрекает их в том, что они не понимают выгоды просвещения, и выражает мысль, что наука и просвещение прежде всего нужны трудящимся массам. Абай считал, что именно материальная необеспеченность трудового народа настоятельно требует от него, чтобы он приобрел знание и искусство для избавления от нищенского положения. Но он вместе с тем видит, что условия реальной жизни бедняцких масс не позволяют учиться и приобретать знания.

Абай оказывается перед фактом очень сложных противоречий, которые невозможно разрешить путем пропаганды просветительских идей, путем убеждения. Он приходит к выводу, что только советами нельзя людей понудить учиться, так как «невежество впиталось в мясо и кости народа вместе с материнским молоком и выело из него человечность» («етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен емген надандық, әлдеқашан адамшылықтан кетірген»). Он в этом убедился, потому что, как он ни старался своими советами понудить народ к просвещению, было очень мало казахов, желавших отдать своих детей в школу, желавших учиться. Встречаясь с людьми, Абай видел, что мало людей, понимающих смысл его благих намерений. Он понял, что в условиях патриархально-феодального Казахстана невозможно просветить народ только с помощью поучений, советов о полезности науки и просвещения.

Будучи бессильным просветить народ с помощью добрых пожеланий и пытаясь найти путь для достижения поставленной цели, Абай приходит к ложному заключению. Он считает, что для того, чтобы просветить народ, нужно не только иметь просветителя, дающего народу

добрые советы, указывающие ему верный путь. Этот просветитель «...должен иметь в руках власть. Надо взять детей у родителей, отдать ребят в школы, направить одних на одну специальность, других — на другую. Надо создать школы, надо, чтобы население дало средства на эти школы. И вот тогда, когда молодежь вырастет, а состарившиеся отцы перестанут вмешиваться в разговоры молодежи, может быть тогда казахи и исправятся» («...бек зор үкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салып, дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, ... бірін сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, ... сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді»). Будучи во главе власти, просветитель в состоянии, по мнению Абая, направить народ по верному пути.

Другим условием просвещения народа, по наивному предположению Абая, должно быть то, чтобы сам просветитель имел несметные богатства. Располагая несметным богатством, просветитель имел бы возможность подкупать отцов детей, одарять их, увлекать их всевозможными поощрениями, тем самым вызывать у них заинтересованность в том, чтобы они отдавали своих детей на учебу. Абай указывает, что «без запугивания и без подарков исправить казахов советами и увещеваниями невозможно» («қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен, не жерлеп, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес»).

Но Абай видел, что просветитель, человек, охваченный благородными стремлениями помочь своему народу стать на верный путь, при тогдашних условиях, в обстановке господства казахских феодалов, не может достигнуть власти. Честные, благородные люди становятся объектами клеветы со стороны феодалов-кляузников и их сторонников и не допускаются к власти. Это значит, что о приходе к власти и использовании ее на принуждение народа к просвещению говорить не приходится. Просветитель, каким бы богатым ни был, не располагает материальными возможностями покупать и поощрять народ на отдачу детей в обучение.

Таким образом, Абай, в условиях патриархально-феодального Казахстана, не находя пути просвещения наро-

да, впадал в фантастические иллюзии и вместе с тем сам понимал нереальность своих мечтаний о способах просвещения своего народа и проявил в этом вопросе полную беспомощность. В силу ограниченности своего мировоззрения Абай не мог усвоить ту истину, что действительное просвещение народа невозможно в обществе, основанном на классовой эксплоатации. Чтобы создать объективные условия для действительного подъема культурного уровня народа, необходимо ликвидировать эксплоататорский общественный строй, совершить социалистическую революцию.

Только после Великой Октябрьской социалистической революции казахский народ, освобожденный от классового и национального гнета, получил возможность невиданного экономического и культурного прогресса, достижения вершины науки и просвещения.

В дружной семье народов СССР, при братской помощи великого русского народа, казахский народ совершил великий скачок от патриархально-феодального общества к социализму, минуя капиталистическую стадию развития, и ныне вместе со всеми народами СССР строит коммунистическое общество.

Мечта великого казахского поэта-просветителя и мыслителя о просвещении своего народа, о достижении высоты науки и культуры, о том, чтобы казахский народ был в числе передовых, высококультурных народов, осуществилась при социализме.

М. АҚЫНЖАНОВ

АБАЙДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлы 1845 жылы Шығыс Қазақстан жерінде, Семей облысы — Шыңғыс болысында (қазіргі Абай ауданында) ірі феодал — сұлтан Құнанбайдың семьясында туды. Болашақ ақын туған халқының өмір-тұрмысымен, туған жерінің жаратылысымен осы өз аулында танысты.

Абай жеті жасқа келгенде әкесі Құнанбай Қарқаралы округіне сұлтан болып тағайындалды.

Құнанбайдың сұлтандығы реакцияшылдық-кертартпашылдықтың үш түрлі қырыс бетін ұстаған:

Ең алдымен, Құнанбайдың сұлтандығы әлі мүлдем басы ноқтаға кірмеген бұқара халықты патша өкіметіне қайрусыз құл етіп бағындырудың шоқпары болды.

Екіншіден, Құнанбай өзінің сұлтандығын «қарадан шыққан хан» есебінде асыра бағалады. Құнанбай күні батқан хандық өкіметін орта ғасырлық билеу «тәртібін» — диспотизмін қолына ту қылып ұстады. Әмірінен бас тартқан бұқараны, феодализмге наразылық көрсеткен халықты варварлық әдіспен өлтіру жазасын қолданды.

Үшіншіден, Құнанбай ислам дінін феодализмнің сергі, күзетшісі деп білді. Феодалдық үстемдікті — ислам

діні арқылы оекітуге күш салды. Қазақ ішіне мұсылмандықты күшпен таратты. Намаз оқуды, ораза тұтуды, зекет беруді, хажыға баруды, құдайға құлшылық қылып иман келтіруді, шариғат «догмасына» шексіз сенуді мұсылмандықтың басты шарты етіп қойды. Намаз оқымағандарды тізеге соқты, ораза ұстамаған, насыбай атқандардың аузы-мұрнына тотыяйын ездіріп құйдырды. Әдетгұрып, ескі заңнан ауа жайылғандарды қолмен жазалады, дүре соқтырды. Сөйтіп, патриархалдық-феодалдық, оның күзетшісі — хандық, сұлтандық өкіметті — диспотизммен, клерикалдық-софылық дүмшелікпен ұштастырып, шегіне алып барды, — феодализм үстемдігін нығайтты.

Бұл айтылғандар орта ғасырлық басбұзарлықтың ауыр салмағы халықтың басына төнген Құнанбай заманының дәмекұл қылышы болды. «Мұсылмандықтың не екенін білмей жүрген кезде дін үйреткен еді Құнанбай», «Жылаған баланы уатқан Құнанбай» деп мақтаныш етіп, алашордашылардың дүрлігуі осыдан.

Құнанбай режимі, сөз жоқ, халықтар наразылығын күшейтті. Тап таласын шиеленістірді. Бұқара халық стихиялық күреске шықты. Абай шығармаларының ішіндегі қайғы-қасірет, халықтың күйзелуі мен күйінуінің сарыны осы стихиялық күрестердің сәулесі.

Құнанбай режимі — әрі таптық езушіліктің, әрі ұлттық теңсіздіктің, әрі рухани жәбірлеушілдіктің ең сорақы түрі болды.

Абайдың:

Соры қалың соққы жеген пұшанамыз...
Жүрегім менің қырық жамау...
Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...
Қалың елім, қазағым, қайран жұртым.... —

деген қасірет сарындары осының сәулесі.

Құнанбай ауыртпалығы халық бұқарасының басына ғана түсіп қоймады. Ол баласы Абайдың басына да дәмекұл қылышы болып төнді.

Абайдың:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме
Сандалмамен күн кешкен, түспе ізіме! —

деп өзі өмірін өзгеге ұлгі етуден бойын аулақтатуы, әке қоластында өкінішпен өтіп кеткен көп өмірінің сәулесі.

Құнанбай өз ескілігіне өзі берік болды. Абайдың естілігін ерте сезді де, оны өз ескілігіне қарай баулу үшін Абайдың алды-артын бірден шырмап, отыздан асқанша өз тұрғысынан басқа шоқыға шығып қарауылдауына ерік бермеді. Әкелік, әкімшілік, мұсылмандық, тіпті әдет-ғұрыптық басымдылығын пайдаланып, Абай өрісін тұсады.

Құнанбай патшаның жақтасы бола отырып та, фанатиктігіне жеңдіріп, баласын орыс мектебіне жібермеді. Астыртын орыс мектебінен Абай сабақ алып жүр дегенді естіп, медресені толық бітіртпестен Абайды қаладан аулына қайтарып алған. Ел билеу жұмысына, жаңадан ұйымдасқалы жатқан көрші округіне сұлтан жасауға асыққан.

Бірақ сұлтандық үкіметтің өмірі ұзаққа бармады. 1868 жылғы реформа бойынша сұлтандық қысқартылды. Оның орнына, одан көлемі кіші болыстық, ел билеу системасы жасалды. Болыстан жоғарырақ әкімшілік орындарға қазақтан адам отырмайтын болды. Құнанбай болыстық лауазымды өз басына азсынды. Бірақ билікті қолынан шығармау үшін бала жігіт Абайды өз болысына управительдікке ұсынды. Абай оған қарсы болды. Осыдан Абай мен әке арасында көптен келе жатқан қайшылық сыртқа шықты.

Абайдың әке әмірінен бас тартуымен байланысты, Құнанбай семьясында жанжалдар басталды. Баласына өкпелеген Құнанбай өзіндей қырыс, өзінің тілінен шықпайтын бір інісін управительдікке тағайындатып, Абайды кемшін ұстады. Алайда, Абайға күндестер келесі сайлауға шейін әкесімен татуласып, орнын алып қоймас үшін түрлі айла құрып, Абайды өз елінен басқа елге 1875 жылы әкімшілікке тағайындады.

Абай өз еркінен тыс үш жыл елбилеу-әкімшілік міндетін атқарады.

Бұл үш жыл Абай өмірінде ең үлкен ауыр жылдар болды. Абай әкімшілік міндетін атқарған елдің бай-феодал-шонжарлары оның басына қастандық ұйымдастырды, уезд, губерния бастықтарына тынымсыз арыздар жолдады. Сан түрлі жала жауып, Абайдың басын 10 жылға созылған дау-жанжалға ұшыратты.

Семей облыстық архивында сақталған мәліметтерге қарағанда Абай туралы үкімет зор жұмыс қозғаған. Абай туралы жеті жүзден астам адамнан жауап алған.

Осы фактының өзі-ақ патша үкіметінің Абайды құрту үшін соңына мықтап түскенін сыйпаттайды.

Осы кездерде Абай қалаға жиі шақырылатын, дүркін-дүркін начальниктерге жауап беретін. Өз басының ақтығын айтып ол талай мекемелердегі чинді төрелерге жолықты, арыз айтты. Бірақ Абай арызын тыңдаған патшалық үкімет адамынан бір жан да табылмады. Парамен аузы түшіккен төрелер, «құр қол» келіп тұрған Абайдың адалдығына да, дәлелдеріне де құлақ аспады. Абайдың тауаны қайтты.

Абай осы кезде, Россияның ресми уәкілдерінен басқа, демократиялық Россияның адамын көрді. Ол адамдар жауыздыққа жаны қас, халық уәкіліне жаны ашыйтын, әділетсіздікті тыңдайтын, тек тыңдап қоймай, әділетсіздікке қарсы күресетін адамдар еді. Абай бұл адамдардың, сөзінен де, ісінен де, пейілінен де, чиновниктік Россиядан басқа, халықтық, демократиялық Россияны, оның таңдаулы уәкілдерін көрді. Абайды олар адам деп таныды, баурым деп жақын тартты, Абайдың болашақ зор адам екенін бірден бағалап құрметпен қатнас жасады. Сондай адамның бірі — демократиялық Россияның көптеген уәкілінің бірі — Евгений Петрович Михаэлис еді.

Е. П. Михаэлис Абайды патша өкіметінің қанды тырнағынан құтқарып, сот, тергеу орындарынан ақтап алуды ұйымдастырды. Абай Михаэлистер достығы — патшаға қарсы, патшашыл чиновниктерге қарсы, патша өкіметінің қазақ ішіндегі серігі бай-шонжарларға қарсы таптық, туысқандық, жолдастық күрес үстінде келіп туып халықтық, бұқаралық достық болды.

Үкімет зорлық,
Өтірік, ұрлық,
Құрысын, көзің ашылмас! —

деп, әкесі еріксіз қосқан үкімет билігінен безіп шықты.

Абай үкімет билігінен безумен бірге, патшалық Россиядан безді. Демократиялық, халықтық Россияның жақтасы болды. Сонымен бірге, Абай Құнанбайлық Қазақстаннан да безді. «Ұры-залымдарға жеміт болып жүрген момын шаруалардың» жақтасы болды.

Бұл тарихи уақыйғалар Абайдың өз сөзімен айтқанда, Абайды жақсы білетін адамдардың мәліметтеріне қарағанда: «Менің дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис

болды», «Құбылам Батыс, батысым Шығыс болып кетті» дейтін жаңа «өмір өрінің» басталуы кезіне дәл келеді, 1880 — 1884 жылдар шамасы, Абайдың отызды орталап қырыққа тақаған жасына тура келеді. Осы кезде — 1883 жылы Құнанбай өліп, Абай оның да тырнағынан құтылды.

Абайдың дүниеге көзін ашуға себепкер болған Е. П. Михаэлис, Чернышевскийдің, Добролюбовтың ой-пікірлерінен нәр алған Н. В. Шелгуновтың жолдасы.

Михаэлис 1860 жылдарда Петроград университетінде оқып жүрген кезінде Чернышевскийдің ықпалымен, Добролюбовтың тікелей басшылығымен жасалған революциялық үйірмелердің бірінің белсенді мүшесі болған. Бұл үйірме ССР Одағы тарихынан көрнекті орын алған үйірменің бірі. Көптеген орыс революционерлері одан революциялық тәрбие алған, ол 1861 жылғы реформа қарсаңында Н. Г. Чернышевскийдің крепостниктік құрылысқа қарсы революциялық үгітін тараткан.

Михаэлис батыл студент еді. Петроград студенттері Михаэлисті орталарынан үнемі уәкіл етіп белгілеп, қайдағы жыйын топқа жіберіп тұрған. Михаэлисті олар өздерінің революциялық ой-пікірлерін дұрыс жеткізе алатын сенімді адамы деп санады.

Михаэлис — Н. Г. Чернышевскийдің «К барским крестьянам» сыяқты заманының революциялық зор документін халыққа таратушылардың бірі. Чернышевский ізімен Н. В. Шелгунов жазған «Жас ұрпақтарға» прокламациясын жазысуға, оның жастар арасына таралуына белсене қатнасты.

Шелгуновтың «Жас ұрпақтарға» прокламациясы 1861 жылы Лондонда Герценнің ерікті баспаханасында басылып шықты. Жастар оны да, тағы басқа сол сыяқты прокламацияларды Россияға жасырын жеткізіп алып, жас ұрпақтар арасына тараткан жерінен ұсталынып жер аударылған. Сол кезде ұсталынып жер аударылғандардың бірі — Е. П. Михаэлис. Ол 1861 жылы Сибирьге, сонан соң 1869 жылы Семей қаласына жіберілген.

Е. П. Михаэлис—революциялық школадан өткен, Россия демократтарының қатарлы қайраткері. Ол өзінің іс әрекеттері мен ой-пікірлеріндегі азнаулақ кемшіліктеріне қарамастан, Абайға көмектесу, дүние таныту, орыстың классикалық әдебиеттерімен, мәдениетімен, прогрестік үздік ой-пікірлерімен таныстыруында ешқандай бұлталақсыз жәрдемдесті. Оның тарихи маңызы зор.

Е. П. Михаэлис Семей қаласына келіп орналасқаннан кейін көптеген игілікті істердің инициаторы болды. 1878 жылы Семей облыстық санақ комитетінің құрылуына көмектесті. Жұртшылық көмегін ұйымдастырып, — осы күнгі Гоголь атындағы кітапхананы ашуға қатнасты.

Санақ комитеті мен кітапхананың ұйымдасуы Семей қаласының халқы үшін, Семей маңындағы қазақ халқы үшін тарихи маңызды. Санақ комитеті көптеген ғылми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Комитеттің мүшелерінің көпшілігі ішкі Россиядан жер аударылып келгендер тұсындағы құрылысқа, режимге наразылар еді. Олардың ішінде ғылымның түрлі салаларының мамандары бар еді. Қазақ елінің экономикасын, шаруашылығын, этнографиясын жаны ашып, құрметпен зерттеді. Жердің байлығын ашуға жәрдемдесті. Бұл жұмыстарда Е. П. Михаэлис белсенді қызмет істеді.

Кітапхананың маңызы өте-мөте күшті болды. Қала, қыр интеллигенцияларының өзбетімен білім алуына көмегі тиді. Абай орыс біліміне осы кітапхана арқылы қанықты. Жер аударылып келген ойлы азаматтар да рухани сусынды осы кітапханадан алып тұрған. Михаэлис, Долгополов, Леонтьевтер Абаймен осы кітапханада таныстың. Кейін жиі қатынасты, достасты. Абай бұл кітапхананың әдебиет қазыналарын кең түрде пайдаланған.

Абай сексенінші жылдары орыс халқының классик жазушылары Крыловты, Лермонтовты, Пушкинді, Салтыков-Шедринді, Толстойды тағы басқаларды оқыды. Бұлардың шығармаларына жазылған сынға да зер салып отырды, Белинскийді, Чернышевскийді, Добролюбовты оқып, олардың демократиялық ой-пікірімен танысты.

Абайдың орыс әдебиетіне назар аударуына және ақындықты айрықша бағалауына тағы бір жағдай болды. Ол 1880 — 1882 жылдары Семей қаласында Абай алғашқы рет орыстың революциялық демократтарының шәкірттерімен танысқан кезінде, әсіресе, олармен бауырласа бастаған кезінде 1812 жылғы отан соғысына 70 жыл толуды тойлаған. Туған жер, өскен елден алыста жүрген жастар, сол ел үшін қайысқан қабырғасына өз мұңын қосып ол күнді айрықша еске алды.

Абай достарымен бірге бұл күнді еске алысқанда, сондай тамаша уақыйғаның Абай көз алдындағы өшпес ескерткіші Лермонтовтың «Бородиносы» болып көрінді. Ол жыр сол кездің өзінде өзінің идеялық өнін, патриоттық сезімін жоғалтпай отырғандығы Абайдың ақын-

дықты өнер деп бағалауына түрткі болды. Абай катнасып жүретін әрбір кештің «таңғы азаны», «кешкі шырағы» жастардың қосылып айтатын:

Айтшы аға, неғып жеңілдік,
Мәскеуде емес тегіндік,
Болған білем соқтығыс,
Емес білем аз жұмыс.
Ұмытпайды ең орыс,
Бородинде көргенді... —

дейтін Лермонтов жыры болды.

Білетіндер Абай бұл өленді, сол кештерде қатнасып жүрген кезінде аударған дейді. Оған сенбеске ешбір орын жоқ. Бұл өленнің алғашқы бөлімі қазақ маңындағы халықтар аузында, соңғы бөлімі қырда (ел ішінде) сақталғаны да оны растайды. Қалайда, бұл өлең Абайға үлкен әсер еткен. Өлең-жырдың әлеуметтік мәнін түсінуін күшейте түскен, оның тарихтың айрылмас серігі, өлмес-өшпес ескерткіші екенін таныткан. Орыстың классикалық әдебиетінің ақынға тұңғыш игілікті ықпалы осындай болды.

Абайдың бұл аудармасы бізге тұтас жетпеді. Алайда, оның толық аударылып, мазмұн, уақыйға жағынан байып, ел ортасында көп айтылатын ертегі жырға айналғанын Абай ауданының адамдары жақсы біледі. Осы сөзді жазып отырған автор да оны талай естіген. Ол жыр:

Шітық, қылыш қайсарып,
Шыйратып мұртты шайнасып,
Ашулы солдат қыстықты... —

деп келетін еді.

Бұл қыр ішінде жаңа үн, жаңа сарын, жаңа мазмұн әкелген өлең болды. Абай бұл өленді 1882 жылы жазды деп санауға болады. Абайдың тұңғыш аудармасы, сонымен қатар, ол — тұңғыш оригиналдық өленінің, ақындығының басы. Олай дейтін себебіміз Абайдың «Кім екен деп келіп ем түйе күған...», «Юзі рәушан, көзі гәуһар...» «Физули, Шамси, Сайхали...», «Әлиппби» тағы басқа бұған дейінгі 25 жыл ішінде жазған бар жыйыны 7 — 8 өленің шын мәнісінде өленді өнер деп танып, соңына түскен Абай мамандығы емес. Ол ақындық дариясының ернеуінен асып сыртына төгілген таскыны сықылды. Ал Абайдың осы жылдары жазған — «Кан сонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлең-

дері — ақындығына сенген, өленді өнер деп таныған, өленнің кестелігін іздеген кексе ақынның ісі.

Абайдың 1882 — 1884 жылдары жазған бұл екі өленінің тарихи маңызы, бізше, оның көркемдігінде. Көркемдік, әрине, жақсы идеядан күрделі мазмұндылықтан туады. Абайдың бұл екі өленді мазмұндары жағынан бір дәуірдегі тұтас әлеуметтік-саяси құрылысты толық қамтып отырмағанымен, сол уақытқа шейінгі айтылып келген бұл жөніндегі мәселелердің мүлдем бір басқа гуманистік көзқараспен, діни схоластикадан аулақ, демократиялық дән беріп жазған.

Ал көркемдік жағынан бұл екі өлең: біріншіден, Абайдың ақындығын дәлелдеді; екіншіден, өлең-жырдың ескі формасының арнасымен жаңа арна тапқан, болашақ жазба әдебиетінің қарлығашы болды; үшіншіден, өлең-жырдың халықтық формасы, сарқылмас бұлақ екенін, ол бұлақтың көзін ашқан сайын молайып, дамып беретінін көрсетті. Сонымен бірге Абай халықтық казнаның қасиетіне қанықты. Ендігі жерде осындай бай қазнаны пайдаланып, әлеуметтік-саяси мәселелерді де сөз қылып, халықтың жарасына ем іздеуге болатынын, ол емнің жай сөзден гөрі өленмен жазғанда қонымды, халыққа ұғымды болатынын сезді.

Абай бұл екі өленнен кейін ендігі өлең-жырының бетін халықтың ілгері басуына кедергі болып отырған қырыс-қыңыр істерді жолдан алып тастау үшін батыл сынауға қарай бұрады. Халыққа жақсы өмір іздеуге қарай бұрады.

Абай бұл тақырыпқа қанша көп көңіл бөлсе, сонша оған өзінің дайындығы, әсіресе, білімнің жетімсіздігін мойындайды. Өлең-жыр жазуға шеберлігі жететіндігін біле отырып, ол өлең-жырменен халық тілегін, саяси әлеуметтік хал-жайларды толық айтып жеткізуге білімінің саяздығын, оқымай қалғанын сезді. Халық қамына мұң қоса алмайтынына қамықты. Қайғысына қалыпты, өкінішіне дәл келген Лермонтовпен мұңдасады. 1885 жылы Лермонтовтың:

Әм жабықтым, әм жалықтым,
Сүйеу болар қай жігіт,
Көңілден кеткен соң тыным?
Әм сүйіндім, әм түңілдім,
Үнемі не еткен үміт,
Өткен соң бар жақсы жылым!... —

деген өленін аударып, сырласады. Бірақ Абай «бар жақ-

сы жылы өтіп кетсе де», енді менен ешнәрсе шықпас деп, не болмаса, біттім, болдым, жеткен жерім осы деп карап отырмады. Кеш болса да талаптың тұлпарына мініп, «өмір өріне» қол сермеді.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім,
Ер жеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім... —

Абай «қол сермегеніне» ғана жұбанбады. «Шығар есігін таба алмай, уайым қайғының ішіне кіріп алып, камалып калмақ, ол өзі де бір антұрғандық», «еріншектік — күллі дүниенің дұшпаны» деп, өзіне өзі қайрат беріп талпынады. Талаптанады, ізденеді, табады.

Абайдың бұл талабына жол сілтеген, ізденуіне жол нұскаған, талпынуына көмектескен орыстың классикалық әдебиетінің игілікті ықпалы болды.

Абайға орыстың классикалық әдебиетінің игілікті ықпалын жеткізудің дәнекері — Семейдегі Гоголь атындағы кітапхана бұл кезде бұрынғысынан әлдекайда зорайған. 1880 жылы 100 — 150 дей ғана кітабы болса, 1885 жылы оның кітап фондысы 1000 томға жеткен. Қалада басқа мәдени-ағарту орындары да, ғылми зерттеу мекемелері де өсті. Семей қаласында өлкетану музейі ашылды. Сибирьдің географиялық қоғамының Семейлік бөлімшесі жасалды. Бұл мекемелер жергілікті қазақ халқына, халықтың алдыңғы қатарлы үздік адамдарына жылы шыраймен карады. 1885 жылы-ақ 4 майда Абайды Санақ комитетіне мүшелікке алды. Өлкетану музейі Абайды қазақ сахарасының ірі ғалымдарының бірі, халық өмірін жақсы білетін адам деп санап, аса қадірлеген. 1902 жылы Абайды географиялық қоғамның толық мүшесі етіп сайлаған. Ғылымға сусаған Абайға орыс білімін, орыс әдебиетін, орыс мәдениетін алдына тартты. Сөйтіп, Абай өмірінің соңғы жылдарында білімнің кең дариясына молықты.

Абай осыдан кейін:

Балапан құстай оңдалып,
Қанатыңды қомданып,
Жатпа ұяда толғанып,
Үш көкілім, көкке көрі енді —

деп қырыққа кірген кезде өмірдің жаңа өріне келіп шықты.

Абайдың шығармаларына игілікті ықпал еткен ко-

ғамдық-саяси көзқарасына демократиялық нәр берген, іс әрекетінің ағартушылық бағытқа ауысуына көмектескен осындай жағдайлар еді.

Абайдың ақындық өмірінде әлеуметтік мәселелерге арнап көбірек өлең-жыр жазған кездері: 1885—1890 жылдар арасы, оның ішінде, әсіресе, 1886, 1889 жылдары ол аса күрделі еңбек жасады. Осы екі жыл ішінде жазған 40 шақты өлең-жырларының бірен-сараны болмаса, басым көпшілігі жұртшылық жайынан, әлеуметтік саяси хал-жағдайлар жайларынан жазылған. Басқа уақыттарда, басқа тақырыптарға жазылған оригиналдық шығармалары мен аудармаларын Абайдың жалпы жақсылығының үлесіне қалдырып, осы 40—50 өлең жырдың өзімен-ақ Абайға толық баға беруге болады. Абай шығармаларындағы қазақ халқының мол қазыналарын орыстың классикалық әдебиеті мен революцияшыл демократтарының игілікті ықпалын ашуға болады.

Абай Құнанбаев қазақ халқының бай ауыз әдебиетінің арнасын кеңейте отырып, ол арнамен таза, халықтық, көркем, түрі ұлттық, мазмұны демократиялық жазба әдебиетінің негізін қалады. Жаңа ғана дүниеге жаралған жас әдебиетті еселеп өсіріп биік шоқыға шығару үшін Абай оны орыстың классикалық әдебиетінің Чернышевский ашып берген қасиеттерін толық қабылдап, оны қазақтың жас бай ауыз әдебиетінің үлгілерімен ұштап, жас әдебиетінің ірге тасы етіп қойды.

Орыстың революцияшыл демократтар бағытындағы классикалық әдебиетінен Абай гуманизмін, идеялығын, реалистігін, демократизмін, сыншыл-сыршылдығын келешекке сенушілігін, сондай-ақ көркемдігін толық қабылдады, толық меңгерді. Бұл қасиеттерді қазақ халқының ұлттық ерекшелік жақсы традицияларымен ұштады.

Көркемдік-шеберлік өзінен өзі тумайды. Осындай қасиеттерден туады. Абайдағы ұлы идеялық, ұлы көркемдікке алып келді. Абайдың өлең-жырларының идеялылығы, оның көркемдігін, шеберлігін күшейтіп, қазақтың әдебиетін совет дәуіріне шейін болып көрмеген жаңа сатыға, жаңа шоқыға шығарды. Абайдың ұлылығы — ең алдымен осында.

Абайды ағартушылық жолдан асып революциялық жолға түспеді деп, бұқарашылдықтан (демократизмнен) асып кедейдің жақтасы болмады деп кінәлау орынсыз. Оған Абайдың жасап отырған заманы, заманының патриархалдық-феодалдық қатынасы, ол қатынасты сол

ескі калпында ұстауға тырысып әрекет жасап отырған патша үкіметінің ұлт-отарлық саясаты жібермеген. Алайда Абайдың творчестволық еңбектері объективті түрде көптеген революциялық элементтерді ішіне алды.

Абайдың негізгі шығармалары надандыққа қарсы жазылған, сондай жауынгер шығарманың надандықты калпында сақтауға тырысып отырған патшаға, патшалық құрылыс системіне қарсы болмауы мүмкін емес. Сондықтан Абайдың шығармалары бай, феодалдармен, монархиялық реакцияның зұлымдығын әшкерелеуге биболыс, старшиналардың ұлықтарға сатылғыштық кылмыстарын ашуға құрылған. Абайдың жақсылық іздейтін достары, басқаның үстінен пайда тауып, кісі еңбегін жемейтін момын шаруалар болды. Абайдың творчестволық еңбектері осы момын шаруалардың мүддесін жоқтады. Момын шаруалардың ілгері басуына кедергі болатын бөгеттерді жолдан алып тастауға арналды.

Абайдың ағартушылық жолы қожа молдалардан мүлдем бір басқа. Діні сокыр сезімнен аулақ, орта ғасырлық схоластикадан алыс жаңа жол — орысшаландыру, европаландыру жолы. «Хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор... орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті».

Ұлы ағартушы Абайдың бұл идеясына қарсы өшуші күштер өзінің идеологтері аркылы орыс жолына, европалану жолына яғни біртелеп келіп жаткан капитализм элементіне қарсы «барын ала, баканын тірей» қарсы шықты. Абай байлардың идеологтерін сықақ кылды:

Шортанбай Дулат пенен, Бұхар жырау,
Өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау,
Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде көрінеу тұр-ау!...
Қобызбен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап,
Әр елден өлең менен қайыр тілеп,
Кетірген сөз кадірін жұртты шарлап...
Терең ой терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жұндей сабап —

деп әшкереледі. Сонымен бірге, өзінің алдына қойған мақсатын (Абай өз өлеңінде) өзі ашып айтты.

Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ,
Ұлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ —

деп, Абай өлеңді өлең үшін жазбаған, өнер үшін, үлгі үшін, халыққа жақсы тұрмыс іздеу үшін ағартушылығына құрал еткен.

Абай «зарзаман» ақындарынан мүлдем айырықша ауылға орыс халқымен жақындасу арқылы кіріп отырған «орысшаландыру»ды — «европаландыру»ды қуанышпен қарсы алды.

Жаңа пұлмен жамырап сәудегерлер,
Диханшылар жер жыртып егін егер,
Шаруаның бір малы екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер...
Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан ғылым оқып білім алған,
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан басқа бәрі жалған —

деген қортындыға келген.

Интернатта оқып жүр,
Талай қазақ баласы,
Жаңа өспірім, көк өрім,
Бейне қолдың саласы —

деп қуанған.

Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды...
Пайда ойлама ар ойла,
Талап қыл артық білуге —

деп ақыл берді.

Абай сонымен бірге капитализмнің В. И. Ленин көрсетіп берген шірік жақтарын, күңгірт беттерін ашуға талпынды. Ауылға әкеліп отырған капитализмнің қосымша құлдығын, қосымша кедергілігін ашып көрсетіп одан жиіркендіруге тырысты.

Өсімге қол жайды,
Тай алып серкешке,
Алмаса ол тайды,
Дап-дайын көрмеске.

Абай бұл жерде, капитализмнің экономикалық заңынан туып отырған ашқарақ алақашпа агрессорлық сойқандығын айтып отыр. Бір серкешке екі серкеш алу үшін, яғни үстеме пайда табу үшін көрмей кетуге дайын екенін Абай әшкерелеп отыр. Ал оны саяси тілмен

айтқанда: халықтарды арандатып қыран кескі соғысқа салуға дап-дайын екені өзінен өзі белгілі.

Сол үшін, — дейді Абай, — олар:

Амалдап қарағайды талға жалған...

қайтсе үстеме пайда — бір серкешке екі серкеш алуды ойлайды. Бір серкеш ғана емес:

«Жүз караға екі жүз аларман» болып әр қайсысы өзінше алудың қамын істейді.

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп...
Би мен болыс алады күшін сатып...
Ант ішкен, күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын,
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілменен қулық сауған заңы құрсын...

деп байлардың ішкі сырын аша келіп, олардың сыртқы бейнесін былай сықақтайды:

Кісімсіп білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш,
Булықсып бұлданып босқа,
Өзімшіл оңбаған шерміш.

Феодализм құлдығы үстіне әкеліп жамап отырған капитализм құлдығын Абай көрді. Капитализм құлдығының қолшоқпары би-болыс старшиналарды, олардың тірегі уезд, губерния начальниктерін Абай бір деп санады, екеуін бір найзаның үшімен түйреді.

Уезд шықты сияз бар,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп,
Қәтелешка көбейді,
Сөгіс естіп тозды ажар... —

деп реформадан кейінгі Россияның 1868 жылғы билеу тәртібінің ауылға әкеліп отырған ұлт отар қысымын, ұрып-соғу, абақтыға жабуды қабындап кеткенін, «лау» деп малды, «үй» деп баспананы да еріксіз алып отырғанын ашып айтты.

Патша үкіметінің қазақ ауылындағы қарғылы қара тазысына айналған би-болыстардың ардан, ұяттан безіп, елін «оқалы тонға» сатып, халықты екі жақтап тонап жатқанын Абай зілді кекесінмен әшкерелейді.

Абайдың бұл сын өлең-жырларында симпатиясы халық жағында екені ашық көрінеді. Бірақ Абай халық деп барлық ұлтты тұтас алмады. Момын шаруаларды алды. Бұл оның көзқарасының демократизмін көрсетеді.

В. И. Ленин әдебиеттегі демократизм деп халық мүддесін қорғаушылықты атады. Абайды халыққа, халықты Абайға сүйдірген қасиет осы Абай шығармаларының мүдделері — халықтың тілегіне бағынуында.

Абай ең алдымен халықтың тарихтағы шешуші ролін дұрыс бағалады. «Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгені», «Қапашылықтың бәрі соның басында» деп ашып айтты.

Абайдың данышпандықпен айтылған бұл асыл сөзін түсінбеген, түсінгісі келмеген ұлтшыл буржуазияшылдар, революцияға шейін Абайға жалған жала жауып келді. Абайды халықтан, халықты Абайдан айыру үшін Абайдың жалғыз ауыз «единица» деген сөзіне жармасты. Ол сөзді Абай сөздерінің ауқымынан аулақ алып сынады, сөз текстінен жырып алып жеке қарады. Сөйтіп «единицаны» сан саққа жүгіріп Абайды халыққа қарсы етіп есептеген.

Абай шынында «единицаны» тәңірі деп санамаған, керісінше: Барлық «қызық та, ермек те көпте», көпсіз, халықсыз дүние жоқ деп таныған.

Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі пұл...

Абай ақылды халықтан іздеген, «единицадан» іздемеген.

Абайдың халқы, елі —

Жағасы жайлау ол бір көл,
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел,
Жан жағынан күркіреп,
Құйып жатса аққан сел...

Бұл сөз, Абайды халыққа қарсы қоюшылар цитатқа алып жүрген өлеңнің ішінде. Абай бұл жерде: «жапырақсыз» — «жан-жағынан күркіреп құйып жатқан тармақсыз» көлде, ел де болмайды деген.

Абай өзінің жыйырма екінші сөзінде байды, биді, болысты, мырзаны, мықтыны басқа да ел үстінен күн

көріп жүрген жемқорларды халқым деп санамаған. Олардың ісіне де, мінезіне де, тіпті олардың әлеуметтік хал-жағдайларына да жиіркеніп қараған. Оларды әді — летсіз, ынсапсыз, ұятсыз, арам бәлекор, барып тұрған қу мен сұм деп қаралаған. Ол қу мен сұмдар басқаны «қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес». Мен оларды сыйлай алмаймын, оларға жақ та бола алмаймын деп ашық айтты.

Абай сонымен — байды, мырзаны, биді, болысты, «мықтыны», яғни кісі еңбегімен пайдаланатын жепкетерлерді «қу мен сұм» деп қаралап келіп, осы «ұры, залым, куларға жеміт болып жүрген шын момын шаруалардың» тілеуін тілеймін. Сонан басқа тілеуін тілейтін кісім жоқ, менің досым момын шаруалар деген.

Абайдың жаны ашып қайғырып тілеуін тілейтін тобы — міне осы «шын момын шаруалар», Абайдың жақсы тұрмыс іздейтін адамы да — осы момын шаруалар.

Абай халқына, халқының болашағына әбден сенеді. Бұл да — Абайдың орыс ағартушыларынан қабылдаған қасиетінің бірі. Орыс ағартушылары халыққа, халықтың болашағына толық сенген. Жауларымен халық үшін талмай күресудің де себебі осында. Абай дәл орыс ағартушылары сияқты халыққа, халықтың болашағына толық сенді. «Жамандықты кім көрмейді, үмітін үзбек — қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас. Жамандықта қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, гүлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» деп, Абай келешегіне нық сенген.

Абайдың бұл пікірінен оның дүниені өзгереді деп танығандығы көрінеді.

Абай материализмге жете алмады, бірақ табиғаттың және басқа дүниенің өзгеруіне көзі жетті, алайда, Абай оның қалай өзгеретініне, табиғаттың өзгергені сияқты қоғам да өзгереді, ол қоғамды революциялық жолмен өзгертуге болады деуге жете алмады. Оның ұстаған бағыты ағартушылық болды. Оқыса, білсе үйренсе халық сауатты болса, сонымен де дүниені жаңалауға болады деп таныды.

Алайда, Абай идеалистерше дүниенің барлығы «тәңірінің жазуымен» болады деп қарамады. Табиғаттың мол дүниесін бар қалпында пайдаланудың жетіссіздігін айтты.

Түбінде баянды еңбек етін салған...
Жасынан оқу оқып білім алған...

Егінге, отырықшылыққа шақырды. Білім алуға шақырды.

Бай қылған, кедей қылған құдай емес...

деді.

Еңбек арқылы байға бағыныштылықтан шығуға болады деп сенді.

Абайдың әйелдер бостандығына көзқарасы, буржуазиялық оқымыстылардан айырықша, демократиялық халықтық көзқарас. Абайдың айтып отырғаны жалпы эмансипация ғана емес, Абай алдымен әйелдерді қоғамның тең мүшесі, бұқара халықтың көпшілігі деп санайды. Әйелдердің мал орнына сатылуына қарсы. Жас әйелдердің малға сатылып теңі емес бай шалдарға бұрып күң болуға қарсы.

Бай қартайса малына берер шылбыр,
Мал өмірді жанғыртпас құдай ұрғыр,
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр?..

Абай бұл жерде, әйелдерді құлдыққа, күндікке түсіріп отырған таптық құрылыстың экономикалық астарын ашады.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұрғысын көксемекті,
Мезгіл өткен дәуренді қуалаған,
Неғылсын бір қартайған қу сүйекті.

Абайдың бұл сөздерінде адамгершілік (гумандық) патриоттық, демократизм, халықтық көзқарас айқын. Сонымен қатар Абай реалистік шыншылдығымен таптық қайшылықтарды да көрді.

Абай тап күресін көрмегенмен, таптық қайшылықтарды дұрыс көрді. Кедей-жалшылардың ауыр тұрмысына жылы шыраймен қарады:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үйі жылы киіз түтқан айналасы,
Бай ұлына жалшы ұлы жалыныпты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы...
Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінен кедейдің тұрсын күйі,
Қара қыйдан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы...

Абай, байдың қыс қысымынан аулақтығын суық сөздерімен сұрғылт түрде айта отырып, кедейлердің тұрмысын суреттеуге келгенде, өзінің қабырғасы қайысатынын көрсетеді. Көз жасын ағызып жүріп амалсыздан бай баласын уату үшін күлуге мәжбүр болып отырған кедей баласына Абай жылы шыраймен қарады. Кедей өзі бағып отырған малдың тезегін ұрыссыз, еркімен ала алмайтынын Абай қынжылып айтады.

Бірақ Абай бай мен кедей арасындағы теңсіздікті, әділетсіздікті көріп қана қоймады, бай мен кедей арасындағы өшпенділікті де көрді. Ол өшпенділіктің бітімсіз екенін де сезді.

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін құдайым-ай.
Алса да, аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны,
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы...

Тап қайшылығын ашып айту әрине тап күресінің өрлеуіне пайдасыз болды деп айтуға болмайды. Сөз жоқ, Абайдың бұл сөзі кедейлерге байда мейір болмайтынын ұқтыруға көмегі тиді. Стихиялық күресті күшейтуге, наразылықты молайтуға септігі тиді.

Абай—еңбекші халықтың «момын шаруалардың», яғни, басқаның еңбегімен пайдаланбайтын, өз еңбегімен күн көретін қанаушы емес халықтың идеологы. Абайдың ұлылығы — сол еңбекші бұқара халыққа жақсы өмір іздеуінде, жақсы тұрмыс құруын тілеуінде, сол үшін өз қолында бар құралын ұстап халық үшін феодалдық қоғамның өшуші күштеріне батыл қарсы шығуында.

Абай—ең алдымен халықтық ақын. Ол халқына жақсылық іздеу үшін ағартушылық жолды қалады. Сол жолда аянбай қызмет істеді. Қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін салды. Демократиялық әдебиеттің классигі болды. Жазба әдебиетке жаңа түр енгізді: «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Бай сейілді», «Ғылым таппай мақтанба», «Келдік талай жерге енді», «Ата-анаға көз қуаныш», «Кешегі Оспан», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Көлеңке басын ұзартып», «Қуаты оттай бұрқырап», тағы сол сияқты толып жатқан өлең, жырлардың жаңа түрлерінің ізін салды.

Сонымен бірге Абай қазақ музыкасына да олжа салды, оған да жаңа сарын, жаңа мотив әкелді. Абай өзінің «қарасөздерімен» қазақ прозасын да бастады.

Абайдың философиялық ой-пікірлері осы уақытқа шейін зерттелмей жатқан соны сала. Біз оның философиясын жеке өзалдына тексеруді керек ететін күрделі салалы мәселе деп санап, оны бұл жерде талдап отырмаймыз. Абайдың философиясынан алып сөз қылатынымыз тек оның қоғамдық-саяси көзқарастарын толықтыратыны ғана.

Абайға шейінгі (Ыбрай, Шоқанды қоспағанда) үстем болып келген ой-пікірлердің барлығы: дүние, қоғам тағы басқаны тәңірінің сызуымен болған, тәңірден басқа дүние жоқ деген діни сокыр сезім ұғымына (догмаға) құрылған еді. Олардың ойынша, келешек те солай тәңірінің сызығымен болады-мыс. Сондықтан адам баласының барлық өмірі, тіршілігі, тіршіліктегі іс әрекеті бұл дүние үшін емес, «ол дүние» үшін болу керек деп уағыздаған. Мұның таптық астары ашық: байға қарсы тұрмау керек, оны бай қылған да, сені кедей қылған да — құдай деген сөз еді. Сондықтан байға қарсылық құдайдың сызығына, тіпті өзіне жасаған қарсылығы болады деген теріс пікірлер еді.

Абайдың өскелең ой-пікірлері қожа-молда, софылардың бұл көзқарастарына қарама-қарсы болды. Жоқ дүние үшін әрекет қылуға Абай бармады. Дүниедегі барлық іс тек тәңірінің сызуы мен болады дегенді қабылдамады. Сондықтан Абай социологияда теңсіздікті көрді, құлдыққа қарсы болды, әдебиетте сын мәселесін қолдады, эстетикада көркемдікті адам өзі жасайтынын, өзінің ақындығымен, өлең жырымен, қоғам кемшілігін сынауымен дәлелдеді. Мұның барлығы — әрине, Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарын толықтыратын жағы.

Абай: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды, есітіп, көріп, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таныйды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» дейді. Абайдың бұл жердегі сүйеніші — тәжрибе. Алға ұстап отырғаны да — тәжрибе. Дүниенің құбылысына тәжрибе арқылы қол сұғуымен қанағаттанған. «Жақсылықты, жамандықты қылдырған құдай емес», «Бай қылған, кедей қылған құдай емес...» деп таныды. Абай әрине бұл сөздерімен идеалистік көзқарастан асқан. Бірақ ол материализмге жетуде жолында жатқан бөгеттерді алып тастауға бармады.

Алайда, Абай орта ғасырлық, шығыстық схоластиканы, мистицизмді, софылықты сынады. Дүниені ғылым жолымен тануға талпынды. Дүниені білуге болатындығын дұрыс болжалдады. Бұл жөнінен алып қарағанда Абай білу теориясын орыстың философтарынша ұққан: «Дүниенің көрінген, әм көрінбеген сырын тугелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың өзі болмайды» — дейді Абай.

Бұған қарағанда Абай адамның ойынан тыс, объективті жаратылыс барлығын, демек, дүниенің көрініп тұрған сырынан басқа, көрінбей тұрған сыры да барын мойындаған. Бұл Абайды материалистерге жақындатады. Абай білу (познание) теориясында материалистік көзқараста болды.

Абай ең соңғы жазған қарасөзінде алғашқы жазғандарынан айырықша едәуір жоғары сатыға көтерілген. Адам санасынан (сознание) тыс дүние барлығын едәуір дұрыс айтты. Мысалы, ол 43-қарасөзінде «ішсем, жесем демектің басы — жибли, (яғни, адам еркінен тыс — *М. А.)* ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе білсем екен, көрсем екен деген арзу (мақсат), бұлардың да басы жибли».

Бұл толғау дұрыстыққа келеді. Ал оны білуге келгенде Абай тағы бір адым ілгері басады: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады» деп келеді — «Ол хабарлардың ұнамдысын ұнамды қалпыменен, ұнамсызын ұнамсыз қалпыменен әр нешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жалғастырып көңілде суреттемек».

Бірақ Абай осы сөзінде тағы тап басып тұрмайды, біраз дұрыс толғаулар айтып келіп, ақырында «жан» мен байланыстырады.

Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасы философиясына ықпал етеді. Бірақ оның философиядағы кейбір қайшылықтары қоғамдық-саяси көзқарасын өзгерте алмайды. Абай сөзсіз демократиялық көзқараста болды.

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос,
Талаптың дәмін татуға...

Әсемпаз болма әр неге,
Өнерпаз болсаң, арқалан,
Сен де — бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасының шоқтығы — халық үшін еңбек ету, кетігін тауып кірпіш болып қалану. Ол үшін білім алу керек, алған білімді халыққа беру керек. «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым демектің бәрі — ақымақтық».

Абай өмірі, тілегі, мақсаты — міне осы. Үйрету, үйрену, оқу, талпыну, талаптану — осының бәрі халық үшін.

Абайдың асыл қазыналары, оның халықтық идеясы, демократизмі, халықты шексіз сүюшілігі, халық ролін жоғары бағалап, оның тарихтағы орнын биік шыңға көтеруі, халықтар достығын жоғары балауы бүгін де бағалы.

Б. КЕНЖЕБАЕВ

ҚАЗАҚ РЕАЛИСТІК ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Өзінің қарасөздерінің бірінде Абай: «Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді кәдірлеймін деп ойладым» дейді. Өзінің бай-жуандардан, би-болыстардан жерігенін айта келіп, ол әлгі ойына былай жауап береді: «Енді, әлбетте... момындығынан: «ырыс баққан дау бақпас» деген мақалменен боламын деп бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым» — дейді.

Абай өз халқының жапа шегіп жатқанын, тұйыққа қамалып отырғанын көргенде:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Үстарасыз аузыңа түсті мұртың...
Өзіңдікі деп алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың... —

деп налиды.

Ол халықтың хал-жайы, тағдыры жөнінде ойланып, толғанды, шарқ-ұрып ізденді. Халыққа тұйықтан шығар

жол, тұрмысын ондар өнер іздеді, Шығысқа да, Батысқа да көз жіберді. Ол бұл ойын;

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім —

деп жазды.

Абай іздегенін тапты. Басқа жақтан емес, Россиядан, орыс халқынан тапты. Іздегенім осы еді деп, ұлы орыс халқының прогресшіл, озат мәдениетін, гуманизмге толы классик әдебиетін ұстады.

«Орыстың өнері, ғылымы — дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі. ...Оның тілін білсең, көкрек-көзің ашылады» — дейді.

Орыс халқының ұлы ақындары А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың асыл мұраларын қазақ тіліне аударып, халыққа үлгі қылып ұсынды. Қазақ жастарын Л. Н. Толстой мен М. Е. Салтыков-Щедрин шығармаларынан үлгі ал деп үгіттеді.

Гуманист Абай бүкіл адам баласының жақсылығынан үлгі алу керек деді.

Әр халықтың жақсылығын, өнерін, ғылымын үйрену жөнінде халыққа Абайдың өзі үлгі бола алады. Ол қазақ халқының өзінен бұрынғы, өз тұсындағы мәдениетін жете білді, соның ең жақсыларын бойына жыйнады; қазіргі советтік Шығыс елдерінің (өзбектің, тәжіктің, азербайжанның) бұрынғы әдебиетінен де үйренді. Орыс халқының революцияшыл-демократтарының эстетикалық көзқарастарын өз шығармаларына арқау, өзек етті. Қазақ халқының жаңа, реалистік көркем әдебиетінің негізін салды.

Абай өзінен бұрынғы, өз тұсындағы ақын, жыршылардың өленді еріккендер ермегі, думан-сауық құралы деп қарағанын сынады:

Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өленменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз кәдірін жұртты шарлап.
Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін «бай» деп мақтар құдай қарғап.

Абай, бұрынғы ақындарға керісінше, ақын — азамат, әлеумет қайраткері деп, өленді өнер деп, ақын өзінің

өлеңі — өнерімен қоғамға, халыққа тәрбиеші, жетекші болып қызмет істеуге тиісті деп білді.

Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектенің надан, зұлымға,
Шыйыршық атар, толғанар.
Әділет пен ақылға
Сынатып көрген, білгенің,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сыя, ашы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер өзің біл.

Яғный, данышпан Абай, ақынның, әдебиеттің мәнін, қызметін жаңаша түсінді, орыстың классик ақындары мен революцияшыл-демократтары түсінгендей түсінді.

Абайдан бұрынғы, Абай тұсындағы ақын, жыраулар көбінесе ескіні, ертегіні, Әзірет Әліні, айдаһарды жыр етер еді. Олары өзге түгіл, өздеріне де пайдасыз болушы еді. Абай керісінше, халқының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, іс-әрекетін, тілек-арманын жыр етті; оның өміріндегі, мінезіндегі, санасындағы ескіні, кертартпаны сынады, жақсыны, ілгерішілді дәріптеді; халықты жаңаға бастады:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жазбым үлгі жастарға бермек үшін...
Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Надандың көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Абай халықтың өміріне көз жібергенде оның саясат, шаруашылық жағынан, өнер-білімнен мүлде артта қалып отырғанын, оның еңсесін түсіріп отырған түрлі жағдайлар бар екенін көрді.

Өз камын ғана ойлайтын жуандар, аткамінерлер, кулар еді. Олар барымта, шабуыл, жесір дауы, жер дауы, бақ-талас сияқты әлек-ландарды қоздырды. Сол арқылы момын, еңбекші көпті қанады.

Абай бай-жуандар тобынан іргесін аулақ салды. Ақыл-ойының, ақындық күш-қуатының денін билеуші таппен, бай-жуандар тобымен күресуге жұмсады. Көпте-

ген өлеңдері мен қарасөздерінде солардың қырсығын, надандығын, зұлымдығын, құнсыздығын, әшкереледі:

Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрса бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу».

Қу нәпсісін тыя алмай,
Атым шығып жүрсін деп,
Берекеге қас болса,
Желіктірген айтаққа
Арақ ішпей мас болса...

Ел тыныш болса азады,
Ерігіп өле жазады...

Абай патша үкіметінің саясатына қарсы болды. Әйел жөніндегі ескі көзқарасқа, өтірік, өсек, жалқаулық, еріншектік, шаруаға қырсыздық сияқты мінездерге, надандыққа қарсы шықты, бәрін шенеп, мінеді.

Оның «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың» деген сияқты бірқатар өлеңдері мен қарасөздері би, болыстарды сынап, мазақтауға арналды.

Абай, би, болысты әшкерелеу, жексұрын, жауыз етіп көрсету арқылы патша өкіметін, патша өкіметінің отаршылық саясатын сынады; жұртқа патша өкіметін де жексұрын етіп көрсетті.

Ол барлық жақтан — саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінде — халықтың жетілуін арман етті: қазақ бұқарасына ақыл, өсиет айтты, жөн сілтеді, адамгершілікке, өнер білімге, еңбекке, игілікті кәсіпке үндеді.

Қазақтың Абайдан бұрынғы Абай тұсындағы әдебиетінде өлең, жырдың соның ішінде лирикалық өлең, жырдың тек бір жанры ғана: әлеуметтік лирика жанры ғана болушы еді. Ол түгелдей насихат, үгіт, арнау, мақтау болып, кейісі, кестесі аз сырдан, шешен сөз, тақпақ, мақал, мәтел болып келуші еді. (Мысалға Махамбет, Ыбрай өлеңдерін алып қараңыз).

Абай қазақ поэзиясын дамыта, байыта түсті. Ол, ең алдымен, қазақ поэзиясында бұрыннан бар, саяси лирика жанрын дамытты, кеңітті; оның үстіне, қазақ әдебиетіне лириканың мәдениетті елдер поэзиясында болатын басқа жанрларын тыңнан, түңғыш рет енгізді: махаббат, табиғат, көңіл күйі лирикасын қосты және оны мейлінше күшті, сұлу етіп қосты.

Абай саяси-әлеуметтік лирикасының бірсыпырасында оқушыға дүние, жаратылыс, қоғамдық тұрмыс, заман, күнделікті тіршілік жөнінде, өмір, өлім, жастық, кәрілік, әділдік, жауыздық, достық, қастық жөнінде, адамның қасиеті, қоғамдық міндеті, мінез-құлқы, еңбек, өнер-білім, дін, ғылым, тәлім-тәрбие жөнінде байсалды үгіт, насихат сөйлейді, байыпты ақыл, кеңес береді, терең ой, түю, сезіну, шешім айтады. Бұл ретте ақын жалынды үгітші, аскан ақылгөй.

Абай саяси-әлеуметтік лирикасының енді бір сыпырасында қазақ қауымының оғаш, өрескел, ескі, зиянды ғұрып-әдеттерін, мінез-құлықтарын, әсіресе, бай-жуандардың, кожа-молдалардың, би-болыстардың, әкім-ұлықтардың дөрекілік, надандық жемқорлық, мансапқұмарлық, озбырлық, зұлымдық іс-әрекеттерін, ой-пиғылдарын әшкерелейді. Ызалы жүрекпен, долы қол, улы сыямен, ащы тілмен сынайды, мысқыл, сықақ, әжуа, күлкі етеді.

Мысалы, ол жөн-жосық білмей, өнер іздемей, кәсіп қылмай, тек ел қыдырып, сөз жүгіртіп, жүрттың ынтымақ, берекені бұзып жүрген адамды өткір сөздерімен жарасымды теңеу, суретпен шенейді, сықақ етеді:

Адасқанның алды — жөн, арты — сокпақ,
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.
Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Бір аршопке[1] шапаны сондай шап-шақ,
Мүшесінен буынып, басады алшақ.
Қарсы алдына жымырып келтірем деп.
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.

Жаздыкүні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,
Қолында бір сабау бар ол дағы аппақ.
Керегеге сабады шаншып қойып,
Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.

Қу шалбар құлығына болған айғақ,
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ...
Тірі жанға құрбы боп жап — жасында — ақ,
Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ,
Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,
Қас кермек, мойнын бұрмақ, қоразданбақ... —

деп. Абай қу-пысықтарды, әшкерелейді, келістіріп әжуа, күлкі етеді.

---

[1] Өлшем мағынасында.

Бұл орайда Абай аскан сыкакшы. Орыс халкының классик жазушылары Гоголь мен Щедрин сыякты сатирик. Әшкерелеу, мінеп-шенеу, сыкак, әжуа, күлкі — Абай поэзиясының, әсіресе, Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасының әрі мыкты өзегі, биік шыңы, әрі өзіне тән бір ерекшелігі.

Махаббат, достык туралы лирикасында Абай жүртка махаббат, достықтың мәнін түсіндіреді, соларға әдемі сөз, әсем суретпен философиялык анықтама береді. Махаббат, достык болмаған жерде кісілік өмір жок: ойын-күлкі, дүние-мал, пайда, мактан — бәрі тұл.

Махаббатсыз — дүние дос,
Қайуанға оны қосыңдар —

дейді ол.

Абай өз тұсындағы кейбір жастардың, дос құрбылардың, қыздар мен жігіттердің махаббат, достык, сұхбаттык жөніндегі тұраксыздығына, опасыздығына, әншейін көрсекызарлығына ренжіп, налыйды. Кей жастар мактан куады, оңғак бұлдай, тез өзгереді.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы — бәрі сату...

дейді.

Абай жас кауымға, жігіттер мен қыздарға шын, таза, адал, баянды, ізгі махаббат, достықты, татулык, сұхбаттылықты өсиет етеді. Сүйгенді сүю, доска достык жасау, бірін бірі сыйлау, құрметтеу, осының бәрін шын көңілден істеу, бәрінде саналы, принципті, тұрақты болу — адамдык қасиет, — дейді.

Абай махаббат, достык туралы лирикасының бірсыпырасында сүйіскен жастардың, қыз бен жігіттің сыртқы сыр, сымбатын, ішкі дүниесін, жүрек күйін, күлкі-қуанышын, мұң-зарын бейнелейді. Әр алуан сырмен, бояумен көңілге конымды, көрікті, дәл етіп суреттейді, қыз бен жігіттің сөзі, хаты етіп баяндайды. Мысалы, Абай ғашық жастардың аулакта кездескендегі кейіп-келбеттерін былай береді:

...Қызарып, сұрланып,
Лүпілдеп жүрегі,
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі...

Аяңдап ақырын,
Жүрекпен алысып;
Сыбдырын, тықырын,
Көңілмен танысып,...

Дем алыс ішіне,
Саусағы суынып;
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып...

Абай ғашықтардың оңаша кездескендегі сырткы бейнесін, жүріс-тұрысын, көңіл күйін, ой-сезімін өте шебер келтірген. Абай — адамның сыр, сымбатын, ішкі дүниесін, психологиясын беруге, солай, кісінің бейне-образын жасауға ұста ақын. Бұл — Абайдың бүкіл поэзиясының, әсіресе, махаббат лирикасының бір күшті жағы, тағы бір биік шыңы, аса маңызды ерекшелігі.

Абайдың табиғат лирикасын жыл мезгілдері: жазғытұрым, жаз, күз, қыс туралы, табиғат құбылыстары туралы жазылған. Бірақ Абай бұл табиғат құбылыстарын оңаша, жеке-дара, тек өзін ғана алып суреттемейді. Көбіне, үнемі қоғам өміріне, адам тұрмысына, адамның іс-әрекетіне, көңіл күйіне байланысты сөз етеді, суреттейді.

Абайдан бұрынғы, Абай тұсындағы кейбір ақындар бірді-екілі орайда жыл мезгілдері туралы сөз етсе, сөз арасында айта қойса, оны:

Болғанда сары жұлдыз жаз келеді,
Жаз өтсе, оған жалғас қыс келеді...

деген сыякты етіп келтірер еді.

Абай жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын олай жалаң сөзбен, жалпылап айтпайды, дәл, нақты, кестелі етіп айтады. Ол, бір жағынан, жыл мезгілдерімен, солардың құбылыс-көріністері мен шаруа күйін, адам тұрмысын, күн райы мен адам райын үндес, ұйқас, жарас етіп, бірін бірі меңзейтін, бірін бірі анғартатын, айқындай түсетін етіп келтіреді; екінші жағынан, осының бәрін айтпайды, суреттейді, кескіндейді: әр алуан сыр, бояу, кестемен, тенеу, шендестірулермен бейнелейді. Атын да атайды, суретін де салады; көңілге де құяды, көзге де елестетеді.

Мысалы, «Қыс» деген өлеңінде ол қысты «ақ киімді, денелі, ақ сақалды», ашулы, соқыр мылқау шал келбетінде суреттейді:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды,
Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,
Қәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген окшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлттай қасы жауып, екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды...

Абайдың табиғат лирикасы — Абай поэзиясының зор мәдениеттілікпен, күшті ақындықпен, тамаша шеберлікпен жазылған бір саласы, ақын шығармаларының биік шыңы.

Абай поэзиясының бір мол саласы, биік шыңдарының бірі — оның көңіл күйі лирикасы. Абайдың көңіл күйі лирикасы: «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім, нені сезесің?», «Жүрегім, ойбай, сокпа енді!», «Көңілім менің қараңғы...», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» тағы басқалары.

Абай бұл саладағы лирикасында өзінің сырын, ойын, сезімін, өзінің түйгенін, білгенін, күй-жайын, көңіл күйін, өзінің қайғы-шерін, күлкі-қуанышын, жиреніш, сүйіншін, өзінің қыял-арманын баяндайды, әсем жыр етеді. Яғный, ақын көбіне, өз көңілімен өзі сырласып, мұңдасады; тек өз жүрегінің күйін шертеді.

Бұған қарап, Абайды ел-жұрттан бөлініп, жалғыз, дара қалған адам, дарашыл ақын деп бағалауға тіпті де болмайды. В. Г. Белинский айтады: «Ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке басы, «мені» туралы айтса, ол жалпы көпшілік туралы, бүкіл адам баласы туралы айтқаны; өйткені ұлы ақынның тұлғасында жалпы адам баласына тән қасиеттің бәрі де бар, болады» — дейді.

Сондықтан Абайдың жабығуы, қамығуы, мұңды сыры, жүрек шері — бәрі оның тек өзіне, жеке басына ғана тән қалып емес, заманына, заманындағы қазақ бұқарасына тән қалып. Абайдың қайғы-мұңы, ыза-кегі, қыял-арманы заманның, сол замандағы қазақ бұқарасының қайғы-мұңы, ыза-кегі, қыял-арманы деп білу қажет.

Сол үшін де Абай халықтың халық ақыны, заман ұлы.

Сонымен, Абай жалаң, бірыңғай не саяси лириканың, не махаббат, табиғат лирикасының, не көңіл күйі лирикасының ақыны емес, ол лириканың барлық түр-жанрына бірдей. Оның лирикасы көп қырлы. Онда заманның, халықтың дәл сыйқы, күйі де, әділ, өткір сыны да бар; шыбынсыз жаз да, қаһарлы қатты қыс та бар; онда мұң-шер, күлкі-қуаныш та, ыза-кек те, қайрат-жігер де, терең ақыл-ой, нәзік сезім де, ыстық махаббат, қаһарлы ашу да, әсем табиғат та, қар, мұз, от, жалын да бар — бәрі бар.

Абайдың лирикасы — оқушыға әртүрлі ой салатын, оның «көзін емес, көңілін» ашатын терең мағналы, асқақ жанды, «өткірдің жүзі, кестенің бізі» салған өрнек, ою, әшекей, кесте тәрізді, аса көркем лирика.

Абай қазақ әдебиетінде шын мағнасында өлең-өнер, көркем лирика жасады.

Абай өзінен бұрынғы ақын, жыраулар өлеңдерінің құрылысын: тілін, кестесін, ұйқасын, өлшемін сынайды:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау.
Әттең, тоқпі-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау —

дейді.

Сонымен бірге, Абай, әуелі, өлең деген не, соған анықтама береді:

Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы,
Сөзі тәтті, мағнасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы? —

дейді. Осыдан кейін, Абай өлеңге өзінше талап, шарт қояды. Ол:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қыйыннан қыйыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бишарасы —

дейді. Мұны Абайдың эстетикалық көзқарасы, өлең заңы деуге болады.

Абай қазақ халқының бұрынғы ақындық мәдениетін пайдалана отырып, көрші, туыс халықтардың классик

әдебиетінен үйрене отырып, өз өлеңдерін осы өзі айтқандай етіп, өзінің өлеңге берген анықтамасына, талабына сай етіп жазған. Мұны мына жағдайлардан айқын көруге болады.

Қазақтың бұрынғы ақын, жырауларының өлең, жырлары, ауыз әдебиеті көп сөзді, ұзын сөзді келер еді; олар айтайын деген ой-пікірлерін көп сөзбен, алыстан оратып келіп айтар еді; тармақ буындарын толтыру, тармақ аяқтарын ұйқастыру үшін мағнасыз, көлденең сөздерді кірістіре берер еді.

Абай өлеңдерінде ондай көп сөзділік жоқ. Абай сөзді таңдап, іріктеп алады, үнемдеп қолданады; аз сөзбен көп мағна береді; ойға жомарт, сөзге сараң. Ол өлеңнің әр тармағын қыйыннан қыйыстырады: түзу мағналы, тәтті сөзді, ұнасымды үнді, жарасымды суретті етіп келтіреді.

Абай айтайын деген ой-пікірлерін дәл, еркін, айқын айту үшін өлеңдерін мағналы, өткір, көркті етіп келтіру үшін қазақ халқының негізгі сөз қорын түгел пайдалану үстіне ескі, диалекті сөздерді де, шет сөздерді де қолданады. Бірақ оларды өзінен бұрынғы, өз тұсындағы кейбір ақындар сияқты сән үшін, өзінің шет тілді білетінін аңғарту үшін қажетсіз, орынсыз қолданып, сөзді шұбарлап, тілді бұзып жібермейді, ол зәру қажет жағдайда ғана қолданады, әбден біліп, орынды, жарасымды етіп қолданады. Мұны оның орыс тілінен алған, кірістірген сөздерінен айқын көруге болады.

Абай өлеңдерінде орыс тілінен: виноват, коренной, счет, пошел, нуль, прошение, судья, съезд, закон, чин, доктор, пьяница, такт, бутылка, рюмка, стакан, химия, лавка, барабан, самородный, познание, образование, назначение, минута, сила, единица, интернат, штык, кортечь, форма, альбом, монастырь, гулять, визит, каталажка сияқты бірсыпыра сөздерді қолданған. Осыларды ол, әлгі айтқандай, зәру қажет болғанда ғана алған, ойын айқын аңғарту, өткір айту үшін, кейде сықақ, мысқыл үшін қолданған. Мысалы, Абайдың олай қолданған сөздерінің біразы мына түрде:

«Еннатайна кәлкаусар»
Пошел дереу күнәкар...

Самородный сары алтын
Саудасыз берсең, алмайды...

Прошение жазуға
Тырысар келсе шамасы...

Бұл іске кім виноват?
Я Семейдің қаласы...

Алыс та болса, іздеп тап,
Кореннойға кіруге...

Адал жүріп, адал тұр,
Счетың тура келуге...

Меліш сауда сықылды күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас...

Біліп кеп тұрған лапкасын,
Бұзып талқан етіпті...

Көгалды қуып, ғалайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған...

Единица жақсысы,
Ерген елі бейне нөл...

Сыпыра елерме, сұрқыя,
Көп пьяншік нені ұғар?...

Абай шет сөздерді, әсіресе орыс тілінен алған сөздерін өте жарасымды етіп қолданған. Осыдан, олардың көбі қазақтың сөз құрамына еніп кетті.

Абай — сөзге бай, тілге ұста ақын. Ол өз шығармаларында қазақ халқының бұрынғы өз тұсындағы сөз қорын, сөз құрамын түгел, сарқа пайдалану, шет сөздерді орынды қолдану үстіне, солардың негізінде өзі жаңа сөздер, жаңа сөйлемдер ойлап шығарды. Және соның бәрін де өте ұста, ұнамды, көңілге қонымды етіп шығарды. Олар тез сіңісіп, қазақтың тума сөзі, тума сөйлемі болып кетті.

Абай жаңа сөздерді, эпитет, тенеу сыяқты сөз образдарын екі түрлі жолмен жасаған: 1) бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздер жасау, табу жолымен, 2) бұрын бар, әдебиетте қолданылған сөздерді жаңғырту, жаңа мағна беріп қолдану жолымен жасаған.

Мысалы, бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздердің біразын Абай мына реттерде қолданған:

Тың тұяқ күнім сүйтсе де,
Қарбаңдадым өкімдеп,...

Үстай алмадым бірін де,
Кекіді кейін шегініп...

Алқыны күшті асаулар,
Ноқтаға басы керілді...

Анттасып алқайды
Сен тентек демеске...

Пайдасыз ақыл,
Байлаусыз тақыл,
Атадан бала ойы өзге...

Артынан «ол нем?» деп,
Ұялып кезнесіп.

Осындағы «өкімдеп», «алқыны», «тақыл», «кекіді», «алқайды», «кезнесіп» деген сөздер — жаңа, бұрын әдебиетте қолданылмаған, тек Абай ғана қолданған сөздер.

Абай бұрын бар, қолданылып жүрген сөздерді мына түрде жаңғыртып, жаңа мағна беріп қолданған:

Жер қорығыш желкек шал
Желіп жүріп боздайды...

Жақсы әнді тыңдасаң ой көзімен
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...
Талаптың мініп тұлпарын,
Тас қыяға өрледің...

Боламын деп жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім...

Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме, жынды сөзденіп...

Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл — арам без...

Білгенге жол бос,
Болсайшы қол бос
Талаптың дәмін татуға...

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа.
Адасқан күшік секілді,
Ұлып жүртқа қайтқан ой,
Өкінді жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

...Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Бұл үзінділердегі «желкек шал», «ой көзімен», «талаптың тұлпары», «болат қайтып», «ит көрген ешкі көзденіп», «елерме, жынды сөзденіп», «арам без», «талаптың дәмі», «күңгірт көңіл», «көңілім... төмен қарап», «адасқан күшік секілді... ой», «көңілдің жайлауы», «жалтаңдаған жас жүрек», «жас жүрек жайып саусағын» деген сөздер Абайдан бұрын, Абайдан бұрынғы әдебиетте бұлай айтылмайтын, қолданылмайтын, бұларды тек Абай ғана осылай қыйыстырып, жаңғыртып, жаңа мән беріп қолданған.

Осы ізбен, яғный бұрын бар, қолданылып жүрген сөздерді жаңғыртып, жаңа мағна беріп қолдану ізімен, Абай көп ретте қазақтың бұрынғы мақал, мәтелдерін де жаңғыртып, септелуін өзгертіп, өткірлеп қолданған, солардың негізінде өзі жаңа мақал, мәтел, фигуралық сөздер жасаған.

Мысалы, Абай бұрынғы: «Еңбек етсең, емерсің» деген мақалды:

Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей —

деп, «Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» деген мақалды:

Екі кеме құйрығын,
Ұста, жетсе бұйрығың —

деп өзгертіп, ұстартып қолданған. Абай өз өлеңдерінде мақал, мәтелді көп қолданған.

Жаңа сөйлемдерді Абай көбіне орыс тілінің үлгісімен, әсер-ықпалымен жасаған. Мысалы, оның жаңадан жасаған сөлемдерінің біразы былай болып келеді:

Толқының жүрегінің хаттай таныр...

Мен сынық жан, жамағанмен
Түзеле алман түрленіп...

Қонады бір күн жас бұлт,
Жар тастың төсін құшақтап...

Уақыттай, өзі жүйрік ат мінеміз...

Қысқасы, жаңа сөздер, эпитеттер, теңеулер, жаңа сөйлемдер жасау, қазақтың әдеби тілін дамыту, ұстарту жөнінде Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ. Өзі тапқан,

жасаған жаңа сөздер, жаңа эпитет, теңеулер, жаңа сөйлемдер, мақал, мәтелдер Абай өлеңдерін тағы да дәл, өткір, көрікті етті.

Абай өлеңдерін көріктеуге өте ұста. Бұл жөнінде ол эпитеттің, салыстыру-теңеудің, ауыстыру-шендестірудің (тропаның), әсірелеудің, фигуралық сөздердің неше алуан түрлерін әртүрлі қолданады. Бұл оның әрбір өлеңінен айқын көрініп отырады; кей өлеңдері бастан-аяқ кілең эпитеттермен, теңеулермен, шендестірулермен, әсірелеулермен келеді. Және бәрі де өте жарастықты, көрікті болып келеді.

Мысалы, ол жақсы атты былай суреттейді:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жауырыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе, ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі шығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ еті,
Өзі санды, дөңгелек келсе к...ті
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді міниң жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек...

Өлеңді көріктеу, өлеңнің кестесін келтіру жөнінде де Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ; қазақтың бұрынғы тұсындағы ақындарының ешқайсысы өлеңін Абай сияқты ұста, келісті көріктеген емес.

Абай өлеңнің композициясын, шумағын, өлшемін, ұйқасын қолдан қойғандай етіп келтіреді. Оның өлеңде-

рінің шумағы, композициясы жыйнағы тақырыбына, ой жүйесіне лайық заңды басталып, заңды аяқталады, оларда артық, оғаш тұрған, кем шумақ, тармақ болмайды. Сондай-ақ оның өлеңдерінің буыны, ұйқасы, ішкі мағнасы жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да, үні, өлшемі жағынан да бір-бірімен қабысып, үйлесіп, дәлме-дәл тұрады.

Абай қазақ халқының ертедегі, өзінен бұрынғы өлеңдерінің түр-үлгілерін: өлшемін, шумағын, ұйқасын түгел, сарқа пайдаланды. Соларды пайдаланып, орыс ақындарынан көріп, өз өлеңдерінің шумағын, ұйқасын түрлендірді, сол арқылы қазақ өлеңінің құрылысын жаңартты, ілгері дамытты.

Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңінің өлшеміне, өзгеріс енгізді; қазақ өлеңдері бұрын тек 11 буынды, 7 — 8 буынды ғана болып келуші еді, Абай аралас келетін 3 — 4 — 5 буынды, 5 — 6 — 7 буынды, бірыңғай келетін 7, 8 буынды өлеңдер шығарды деп айтылып, жазылып келді.

Бұл бекер, қате. Абай қазақ өлеңінің өлшемін өзгерткен жоқ. 3 — 4 — 5 — 6 — 7 — 8 буынды өлеңдер қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Бірақ олар ұзақ жыр, дастандарда аз қолданылатын, тек бірді-екілі ғана қолданылатын. Олар көбінше мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін ұсақ өлең, жырларда ғана болатын. Мысалы:

Етігі жаман — 5
Төрге шығалмас — 6
Жеңі жаман — 4
Ас іше алмас. 5
Тиме десем, 4
Тиеді 3
Ти десем — 4
Тимейді. 3 —

деген сыяқты болып келетін. Абай осыларды өлең жырға, дастанға енгізді, некен-саяқ енгізбей, көп етіп енгізді, жөнге келтірді, заңды етті.

Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңінің ұйқасына жаңалықтар енгізді: қазақ өлеңдері бұрын тек ақсақ (аа — а) ұйқаспен, айнымалы (әр жерде әртүрлі болып, өзгеріп отырады) ұйқаспен ғана келуші еді. Абай егіз (аа бб) ұйқасты, аттамалы (абаб) ұйқасты шығарды деп айтылып, жазылып келді.

Абайдың қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізгені рас, бірақ әлгі ұйқастар қазақта Абайдан бұрын бар болатын. Тек олар ұзақ өлең, жырларда, дастандарда аз қолданылатын, көбінесе мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең, жырларда ғана қолданылатын. Мысалы:

Таныған жерге — а
Бой сыйлы — б,
Танымаған жерге — а
Тон сыйлы — б,

Айымсың, балам, айымсың, а
Жылқыда тұлпар тайымсың а
Арт, балам, жұрттан арт балам, б
Дұшпанға қылма мәт, балам. б,—

деген сыяқты болып келетін. Абай осыларды көптеген өлең, жырларында қолданды, жөнге келтірді, заңды етті.

Сонымен бірге Абай қазақтың өзінен бұрынғы өлеңдерінің шумағы, ұйқасы негізінде жаңа шумақтар, ұйқастар ойлап шығарды. Абайдан бұрын қазақ өлеңдерінің шумағы, көбіне, үш түрлі болып: а) үш тармақты, б) төрт тармақты, в) көп тармақты болып келуші еді; көп тармақты болғанда айнымалы: біресе 6, 8, 10 тармақты, біресе 12, 14, 16 тармақты болып келуші еді. Абай осыларды бір ізге келтіріп, нақпа-нақ етіп, жаңаша шумақтап, жаңаша ұйқастырды.

Атап айтқанда, Абай 17 өлең, жырын әлгідей, өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырған. Олар: 1) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», 2) «Хор болды жаным», 3) «Қуаты оттай бұрқырап», 4) «Ем таба алмай», 5) «Бай сейілді», 6) «Бойы бұлғаң», 7) «Кешегі Оспан», 8) «Сен мені не етесің», 9) «Сырмақ қып астына», 10) «Ата-анаға көз қуаныш», 11) «Тайға міндік, тойға шаптық», 12) «Сегіз аяқ» («Алыстан сермеп»), 13) «Бұралып тұрып», 14) «Қарашада өмір тұр», 15) «Келдік талай жерге енді», 16) «Білімдіден шыққан сөз», 17) «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім».

Абайдың бұл өлең, жырлары өздерінің шумақтары жағынан үш түрлі болып келеді: а) Алты тармақты, б) Жеті тармақты, в) Сегіз тармақты болып келеді.

Абай 7 өлеңін алты тармақты етіп жазған. Олар үш түрлі ұйқаспен келеді. Мысалы, біреуі («Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін») былай келеді:

Мен жазбаймын өлекді ермек үшін, а
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін, а
Көкірегі сезімді, тілі орамды —
Жазадым үлгі жастарға бермек үшін а
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,—
Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін. а

Екеуі («Хор болды жаным», «Қуаты оттай бұркырап») былай келеді:

Хор болды жаным, а
Сенсіз де менің күнім, б
Бек бітті халым, а
Тағдырдан келген зұлым. б
Тағдыр етсе алла, в
Не көрмейді пәнде? в

Төртеуі («Ем таба алмай», «Бай сейілді», «Бойы бұлғаң», «Кешегі Оспан») былай келеді:

Ем таба алмай, а
От жалындай, а
Толды қайғы кеудеге. б
Сырласа алмай, а
Сөз аша алмай, а
Бендеге. б

Абай 4 өлеңін жеті тармақты етіп жазған. Олар («Тайға міндік, тойға шаптық») «Сен мені не етесің?», «Сырмақ қылып астына», «Ата-анаға көз қуаныш») мынадай үш түрлі ұйқаспен келеді:

1) Сен мені не етесің? а
Мені тастап, б
Өнер бастап, б
Жайыңа —
Және алдап, в
Арбап в
Өз бетіңмен сен кетесің. г
2) Сырмақ қып астына а
Байының тоқымын, б
Отының басына а
Төрінің қоқымын, б
Бүксітіп, в
Бықсытып, в
Қоқсытып келтірді. —
3) Ата-анаға көз қуаныш — а
Алдына алған еркесі б
Көкірегіне көп жұбаныш, а
Гүлденіп ой өлкесі. б

Еркелік кетті, в
Ержетті, в
Не бітті? в

Абай сегіз тармақты етіп үш өлең жазған. Оның екеуі («Сегіз аяқ», «Бұралып тұрып») былай болып қыйысады:

Алыстан сермеп, а
Жүректен тербеп, а
Шымырлап бойға жайылған б
Қиуадан шауып, в
Қыйсынын тауып, в
Тағыны жетіп қайырған б
Толғауы тоқсан қызыл тіл, г
Сөйлеймін десең, өзің біл. г

Абайдың сегіз тармақты етіп жазған үшінші өлеңі «Қарашада өмір тұр». Ол былай болып келеді:

Қарашада өмір тұр, а
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме? б
Арттағы майда көңіл жүр, а
Жалынсаң қайтып келер ме? б
Майдағы жұрттың іші — қар, в
Бәйшешек қарға өнер ме? б
Ішінде кімнің оты бар в
Қар жауса да, сөнер ме? б

Көрсетілген өлеңдерден басқа Абайдың үш өлеңінің шумағы, ұйқасы өзінше, әр жерде әртүрлі болып келеді. Олар «Келдік талай жерге енді», «Білімдіден шыққан сөз», «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!» деген жыр, тақпақтары.

«Келдік талай жерге енді»нің бастапқы шумағы алты тармақты болып, өзалдына бір ұйқаспен келеді де, калған шумақтары біресе үш, біресе төрт, біресе бес тармақ болып, өзалдына бір ұйқаспен келеді. Ал, өленнің ұзын бойы бір ұйқаспен жалғасып отырады. Тиісті шумақтарын теріп алғанда, былай болып келеді.

1) Келдік талай жерге енді, а
Кіруге-ақ қалдық көрге енді а
Қызыл тілім буынсыз, б
Сөзімде жаз бар шыбынсыз, б
Тыңдаушымды ұғымсыз б
Қылып тәңірім бергенді. а

2) Осы жаска келгенше, в
Өршеленіп өлгенше, в
Таба алмадық еш адам, —
Біздің сөзге ергенді. а

3) Өмірдің өрін тауысып, р
Білімсізбен алысып, г
Шықтық міне белге енді. а

6) Балапан құстай ондалып, д
Қанатыңды қомданып, д
Жатпа ұяда, қорғанып, д
Үш, көңілім, көкке, керті ен. а

13) Адам деген данқым бар, е
Адам қылмас халқым бар, е
Өтірік пен өсекке —
Бәйге атындай анқылдар, е
Тұла бойым шіміренді, а

«Білімділен шыққан сөз»дің бір шумағы ақсақ ұйқас, басқа шумақтары өзалдына бір ұйқас болып келеді. Өленнің бас-аяғы, әлгі өлең сыяқты, бір ұйқаспен жалғанып отырады. Былай болып келеді:

Білімділен шыққан сөз а
Талаптыға болсын кез. а
Нұрын, сырын көруге —
Көкірегінде болсын көз. а
Жүрегі — айна, көңілі — ояу, б
Сөз тыңдамас ол баяу, б
Өз өнері тұр таяу, б
Ұқпасын ба сөзді тез? а

Әбілет басқан елерме в
Сөзге жұық келер ме? в
Түзу сөзге сенер ме в
Түзелмесін білген ез? а

«Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!» бес шумақ. Оның екі шумағы 10 тармақтан, бір шумағы 14, бір шумағы 16, бір шумағы 9 тармақты. Әр шумағы «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!» деп басталады. Бірінші, екінші, бесінші шумақтарының басқы тармақтары тегіс ұйқаспен келеді; үшінші, төртінші шумақтарының басқы тармақтары бірді-екілі жерде айнымалы, басқа жерлерінде ерікті ұйқаспен келеді, мысалы, бірінші, үшінші шумақтары былай:

1) Сап-сап, көңілім, сап көңілім! а
Саяламай, сай таппай, б
Не күн туды басыма, —
Күні-түні жай таппай? б
Сен жайыңа жүргенмен —
Қыз өле ме бай таппай? б
Түн кезгенің мақұл ма, —

Жан-жағына жалтақтай?	б
Өлермін деп жүрмісін,	—
Мұнан басқа жан таппай?	б
	/
3) Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!	а
Сана қылма бекерге!	в
Сана қылғанмен пайда жоқ,	г
Дүние даяр өтерге,	в
Ажал даяр жетерге	в
Хош, қыз алсын қ..на	—
Бейнет көрмей дәулет жоқ,	г
Әлі барып кетерге	в
Онымменен бойына,	—
Иман,[1] дәулет бітер ме?	д
Адалды сатсаң арамға,	—
Құдай қабыл етер ме?	д
Қыз сүйеді мені деп,	—
Оған көңіл көтерме!	д

Абай көбінше өлеңдерін бастан-аяқ бірыңғай ұйқаспен келтіреді, кейде бір, кейде екі түрлі ұйқаспен қыйыстырады. Сонда да ол қайталамай, құрғақ сөз етіп жібермей, үнемі әрі мағналы, әрі шебер ұйқастырады.

Әдейі санадық, Абайдың 20 — 30 өлеңі осылай бірыңғай ұйқаспен келеді екен. Олардың ішінде ақынның «Қан сонарда бүркітші шығады аңға», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ», «Бір дәурен кемді күнге боз балалық», «Ішім өлген, сыртым сау», «Сәулең болса кеудеңде», «Балалық өлді білдің бе?», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген сыяқты әйгілі, ұзақ өлеңдері де бар.

Мысалы, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» 48 тармақ. Соның ұйқастық тармақтары (36 тармағы) бір түрлі ұйқаспен келеді: «Сергек», «кермек», «ермек», «өлмек», «келмек», «өзгермек», «жеңбек», «көрмек», «көнбек», «еңбек», «көлбек», «шөлмек», «білмек», «жүрмек», «өткізбек», «ілмек», «үйренбек», «сенбек», «бергек», «көтерілмек», «жиренбек», «бөлмек», «бермек», «дүрмек», «күлмек», «өкірмек», «демек», «өрнек», «жемек», «көмек», «өршілденбек», «бөлек-бөлек», «әлек», «меңгермек», «теңгермек», «келтірмек» деген сөздермен келеді. Еш жерде бір ұйқас екі айтылмайды.

[1] Иман (арапша) — бұл жерде қасиет мағнасында.

Бұрынғы қазақ өлеңдерінің тармақ ұйқастары көбінше не жалаң «шу деді», «жөнеді», «барады», «келеді» деген сыяқты етістік сөздермен, не «таға қылдым», «жаға қылдым», «саба қылдым» деген сыяқты етістік жалғанған сөздермен келуші еді.

Абай өз өлеңдерінде тармақ ұйқастарын, бір жағынан, көбіне зат есімдермен келтіреді, екінші жағынан, әр қыйлы етіп түрлендіріп келтіреді. Кейде тіпті «ақ», «да», «де», «ау» деген сыяқты демеушелермен де ұйқастырады, орынды, жарасымды етіп ұйқастырады.

Абай өлеңнің түрін, құрылысын үнемі оның мағнасына, өзінің айтайын деген ой-пікіріне байланысты құбылтып отырады. Шумақты, өлшем, ұйқасты араластырып қолданады, еркін қыйыстырады, ойын дәл, толық айтуға мүмкіндік беретін өлшем ұйқастарды көп қолданады.

Абай кейде өлеңді сөз ұйқасы емес, ой ұйқасымен де келтіреді. Оның орысшадан аударған «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі!» деген өлеңі осылай келеді:

Дүрілдеген нажағай,	а
Бұрқыраған жауынның,	б
Ашылмағы бар ма басынан,	в
Бағы қайтқан жауынның?	б
Мен орманға барғанда	г
Неше түрлі гүл ұстап,	д
Қайтушы едім қолыма,	е
Гүлдер түгіл бұл күнде,	ж
Шөп тағы жоқ маңымда,	е

Осы тоғыз тармақ өлеңнің көп жерінде сөз ұйқасы жоқ. Бірақ өлең болып оқылады. Себебі ішкі мағнасы ұйқасып жатыр, бір ойды білдіріп тұр.

Абай өлеңдерінің бірсыпырасын 3 — 4 — 5 — 6 — 7 буынмен, аттамалы, егіз, аралас ұйқастармен келтіріп, бір сыпырасын өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырып, кейде өлеңді сөз ұйқасына емес, ой ұйқасына құрып, ол қазақ өлеңіндегі силлабо-тоникалық өлең нысаналарын айқындай түсті.

Абай қазақтың қыйыннан қыстырылған, тілге жеңіл, жүрекке жылы, айналасы теп-тегіс, жұмыр өлеңін, іші алтын, сырты күміс сөзін жасады.

Абай халқын сүйді, халқының көшін жаңа жолға, өнер-білім, өсу жолына, ұлы орыс халқымен бірлесу, сонан үлгі, өнеге алу жолына бастады; халқының болашағын өзгертіп, жақсы жолға салуға еңбек етті; қазақ

елінің, бүгінгідей, ерікті, бай, мәдениетті, күшті, бақытты ел болуын көкседі.

Абай қазақтың жаңа реалистік әдебиетін — мағнасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады; Абай өлеңдері — мәңгі жасайтын асыл сөз қазынасы, ол қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс суреті, дүние тануы, мінез-құлқы, мұң-зары, тілек-арманы, шыдамдылықпен жақсы болашаққа сенген халықтың бейнесі.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған,—

деген өз өлеңін Абайдың өзі жөнінде айтуға болады. Абай халқының асыл азаматы болғандықтан мәңгі өлмейді. Біздің барлық жұртшылығымыз, советтік социалистік Отанымыз осындай өлмес, өшпес Абайды кәдірлейді.

М. СИЛЬЧЕНКО

ПУТЬ АБАЯ К РЕАЛИЗМУ

(Литературная деятельность 80 годов)

1.

Большая общественно-культурная работа и изучение сокровищ мировой и русской науки и литературы привели Абая к созданию первых реалистических стихов 80 годов. Это широко известные песни и стихотворения: «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» («По первому снегу охотник с беркутом выходит на лов», 1882), «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» («С ее белым чистого серебра широким лбом», 1884), «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» («Мы состарились, думы печальны, сон чуток», 1886), «Интернатта оқып жүр» («В интернате учатся», 1886), стихи о волостных управителях, о временах года, любовно-лирические песни. В них заключены глубокие раздумья поэта о судьбе казахского народа в предреволюционную эпоху в России. Вместе с тем эти стихи отражают поиски Абая путей к правдивому, реалистическому изображению действительности. Поэт творчески осваивал все лучшее, передовое, что было выработано богатейшей народной поэзией казахов, и

отвергал реакционное и отсталое, привнесенное в нее феодально-байскими акынами.

Неслучайно, что поэтические трактаты Абая 80 годов «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» («Стих — царь слов, чистейшее слово», 1887) и «Біреудің кісісі өлсе, каралы — ол» («Если умрет близкий, скорбен он», 1888) посвящены именно песне и певцу и, разоблачая ханско-феодальных певцов, представляют облик демократического акына.

В пору своего зрелого творчества 80 годов Абай пересматривал практику стихийного реализма акынов. Его поэтические обобщения и художественное отображение действительности проникались передовыми идеями, почерпнутыми поэтами из мировой и русской литературы. В идейном содержании, стиле и языке стихов Абая отражены характерные для 80 годов противоречия экономической, социально-культурной жизни казахского народа, а также противоречия самого Абая — передового идеолога и просветителя.

Центральной темой стихов Абая в 80 годы является вопрос о современном положении казахского народа и путях его прогрессивного развития. Это — жгучая тема современности, мимо которой не прошли ни народная поэзия, ни литература, ни прогрессивные акыны и поэты, ни реакционные певцы. Многообразная, связанная со всеми сторонами народной жизни тема современности вызывала к себе в казахском народном творчестве и литературе самое разнообразное отношение и самые противоречивые чувства. Народные певцы — Джамбул, Нурпеис Байганин в импровизированных песнях изобличали выборную борьбу аткаминеров, волостных управителей, уездных и других чиновников — словом, все новшества административного управления, связанные с реформой 1868 года. Критика и разоблачение пореформенных порядков присущи песням и других акынов демократического направления. Народность такого критического отображения действительности очевидна. Акыны подхватывали и выражали в своих песнях то, что наболело, о чем массы не могли уже молчать. Творчество демократических акынов наглядно показывало, что в народных массах накапливался и прорывался гневный протест против гнета феодалов и царских чиновников.

Но народ был забит, отстал и еще не научился связывать события между собой, видеть самую систему порож-

дающих феодальный и колониальный гнет общественных отношений, а не отдельные проявления гнета. Именно эта особенность народного самосознания определила своеобразие народности и реализма демократических акынов. Так, например, песня акына Кудери Жолдыбаева «Қазақтың қайғысы» («Горе казаха»)[1] насыщена народной ненавистью к баям и царским чиновникам. Акын повествует о тяжелых бедствиях, связанных с губительным джутом 1880 года. Кудери сетует, что люди забыли старые обычаи, предались новшествам: ездят на телегах, пьют чай, носят узкую одежду и т. п. Обвинение господствующих верхов в стяжательстве и аппеляция к старине, идеализация патриархального гостеприимства закреплены в песне «Қазақтың қайғысы». Светлой, передовой стороной этой же песни является показ дружественного отношения к русским, с которыми вступили в общение казахи. Акын противопоставляет друг другу «неверных русских» и «русских милосердных людей» («орыс кәпір» и «рахымды орыс халқы»), изобличая всяких начальников, у которых не выпросишь чашки муки, и обращая благодарность свою к простым русским крестьянам-поселенцам, щедрым и бескорыстным помощникам в беде.

Реалистична тематика народных песен, разоблачающих особую форму байской эксплоатации масс — «жұртшылық» широко применявшуюся в то время и позднее. Примером может быть песня Бажекена Молдабекова, опубликованная А. Нестеровым.[2] Критика современности, изобличение чиновников, формирующихся из среды бывших султанов и баев, тема образования и просвещения как пути к чиновничеству, к «чину» — все это содержится в песнях тургайского акына и многих других певцов, имена которых забыты.

ғамдық өмірдің ішкі жағдайын катты сынға алады да, зілді күлкімен мінеп, сөгеді. Ол кезде ұлыққа жағыну, өтірік шағым беріп, ел ішін бірін біріне өшіктіріп отыру, қазақ даласында етек алып, үстем таптардың негізгі әдетіне айналған құбылыс еді. Осыны дер кезінде көре білген ақын, ел ішін бүлдіріп, қиян-кескі дау-жанжалды тудырушылар тек — феодалдар, олардың сойылын соғушы атқамінерлер екенін шығармаларында ақиқаттықпен суреттейді. «Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып» деп улы сөзбен бүреді.

Ұлы ақын өмір шындығын айтуда әлеуметтік қоғам құрылысындағы ел билеу тәртібінде болған зұлымдықтарды ғана сөз етіп қойған жоқ. Ел ішінде етек алған қоғам құрылысының ішкі жағдайларында бай-феодал, әкім-төрелердің мал-мүлкі ұрлық, қарлықтан жыйналғандығын да ашып көрсетті.

Абай өмір сүрген дәуірде, әрбір ел билеуші әкімдер төңірегінде содыр-сотқарды жыйнап, қолтықтарына су бүркіп отырды. Сөйтіп, кімді қырына алса, соның малын айдатып алып, момындарға теңдік бермей, ұрыларын қолтығының астынан шығармай келді. Сондықтан, ел ішінде ұрлық көбейіп, момын шаруаларды зар қақтырып, малдарын берсе қолынан, бермесе жолынан алып, теңдік бермей теріс айналып кетіп отыру, үстем таптың озбырлық әрекеттерінің бір түрі болған еді. Абайдың:

Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады —

дейтіні де осындай себептерден туған өмір шындығы.

Сонымен бірге Абай бұл сияқты жағдайларды сынай отырып, оның түпкі түйінін неде жатқандығын, әсресе, қара сөздерінде айқындай түседі. «Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әр-берден соң сыртымызға шықты, жауластық-дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын, және де епті мал жыюға күшім жетімді болсын деп, қызметке, болыстыққа, билікке таластық... Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүймес еді. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрын-

ғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады». Абай кекті ызамен әкім-төрелердің қылмысты істерін ақтармалап, өткір тілмен мінеп, сөгеді. «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе: әуелі — ұрлық, ұры ұрлықпен мал табады деп жүр; мал иесі, артылтып алып тағы да байыймын деп жүр, ұлықтар «алып берем» деп, даугерді жеп, «құтқарам» деп, ұрыны жеп жүр.

...Ұлықтар «пәлі-пәлі!» бұл табылған ақыл екен деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр».

Қоғам құрылысындағы бұл сыяқты ар-ұят, адамгершіліктен безген қанаушы таптың азғындаған кейпін, халық басындағы ауыртпалықты Абай дұрыс және шебер көрсете алды.

Қазақ ауылындағы осы сыяқты қымқыйғаш, дау-шар мен ұры-қарыны, содыр-сотқарды, екіжүзді, зымыян арұяттан безгендерді сынап, олардың мінін көрсете отырып, Абай жұртты көбінесе адамгершілікке шақырады. Адал достық, шын махаббатты аңсайды. Абай келешекке қол созып жаңа адамдарды, жаңа дүниені арман етеді. Соны таппақшы болып шарқ ұрып ізденеді. Ол үшін, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың арасына шек қоя отырып, феодалдық салт-сана, әдет-ғұрыпқа жиіркене қарап, халықты ізгілікке, адамгершілікке үндейді.

Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме,
Сізге айтамын, қаупым — бұл.

Мінез-құлықты түзеуде Абайдың данышпандықпен айтылған бұл тәрізді пікірлері шығармаларында үнемі желі тартып, әлеуметтік қоғамдық мәселелермен ұштасып келеді.

«Болмашы кекшіл,
Болсайшы көпшіл
Жан аямай кәсіп қыл» —

дей келе, бір жағын еңбек мәселесіне әкеліп тірейді. Сөйтіп, жақыным деп жалған істі жақтаушы болма деген пікірін дамытып айқындай түседі де, түпкі түйіні неде жатқанын ашып көрсетеді.

Біреудің жақсылық істерін көре алмай, соның жаға-

сынан алып, аяғынан шалып, кедергі келтіруге тырысатындар үстем таптардың арасында аз болған жоқ. Бірінбірі күндеуден басқаны білмейтін кертартпалардың етек алып, қанат жайғанын көрген ақын, халық мүддесіне жат істерден кейінгі жастарды сақтандырып отырды.

Өткен өмірдің кертартпалы жақтарын қазбалап суреттеген Абай:

Өзінде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден —

дейді.

Мұнда ақын екі түрлі нәрсені аңғартады. Біріншіден, өнерімен көзге түскен біреудің соңына түсіп, соны жоқ етіп барып, зұлымдықпен елдің алдына түсем деп ойлама деп ескертсе, екіншіден, пәлелі жаңға жолама, жармасудан жалықпас дегенді түйеді. Әрине, Абай өмірдің әр қыйлы жақтарына көз жібере отырып, бір жағынан ақыл айтып, халық мүддесіне қайшы келетін жат мінездерден сақтандырып отыруға әруақыт күш салады.

Мұны Абайдың тұстас-замандасы Ыбрай Алтынсарин да көтерген еді:

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз
Азғын елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар
Зиянды кісіден.
Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар,
Өзі болған ерлердің
Аяғынан алмаңыздар.

Бұл — Ыбрай мен Абай өмір сүрген дәуірдегі қоғамдық құрылысты, адамдардың өзара қатынастарын, олардың мінез-құлықтарын сыйпаттайтын шығарма. Мұнда ақын феодалдық қоғамдағы азғындаған адамдардың кулық-сұмдығынан сақтан дей отырып, халықтың қамын ойлайтын ерлердің аяғынан алма, көре алмаушылықты қоздырма, жақсының жақсылық ісінен ғибрат ал дейді.

Алтынсариннің бұл пікірі Абай шығармаларында көтерілген демократиялық идеямен үндес келеді де, адам мінездерін сыйпаттауда Абай көтерген афоризмдермен өзектесіп жатады.

Абай шығармаларында өмірді жан-жақты қамтып, терең топшылаудан туған кең пікірлер, жыйнақты ойлар,

афоризмдер мейлінше көп. Абай «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде:

Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты
Кім болса мейлі сол айтты —
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой бермей,
Шын сөзбенен өлсеңіз —

деп шындықты шыңға көтереді. Мал-мүлікке семіріп, күш көрсетіп, көкірек керген бақ құмарлардың бет-пердесін ашады. Шындыққа сүйену, адалдық, әділетікке таласу — адамдықтың борышы деген пікірін үлгі етіп ұсынады.

Абай адамдардың өзара қатынастарында болған мінез-құлықтарды ашып көрсетуде, көбінесе, афоризм — нақыл сөздер аркылы береді. Өмірдің әр алуан жақтарына көз жіберген Абай:

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әрнәрседен құр қалма! —

деп, қортынды пікірін түйеді, халық мұддесіне қайшы келетін істерден қашықтатып, сақтандырады. Осы сыяқты өмір тәжрибесіне негізделгендіктен Абай афоризмі әрі айқын, әрі өткір болып келеді, оқушыны өзіне тартып қызықтырып, үнемі рухтандырып отырады.

Ұлы гуманист Абай, арам пыйғыл зымыяндарды сөге отырып, бір жағынан түзетіп жөнге салмақшы болады.

Құйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам
Кез болар қайда сорлыға.
Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда сөкпейін,
Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін.

Мұнда Абайдың ашынған үні, кекті наразылығы жатыр. Өйткені, бұл — өмірдің ақылқаттық шындығынан туған зілді үкім. Сондықтан да ақын ащы тілімен мінеп сөгеді. Екіжүзділердің айқын бейнесін береді. Орға жығып, түк көрмегендей болып қарап тұратын кейбір адамдардың зұлымдық әрекетін көріп, ондай арам ниетті

адамдардан жастарды сақтандырады да, достыққа, адалдыққа үндейді.

Данышпан ақын әйелдердің бас бостандығын шығармаларында негізгі мәселенің бірі етіп көтеріп отырады. Абай өз шығармасында ескі әдет-ғұрыпқа өлтіре соққы беріп, әйел теңдігі мәселесін қазақ әдебиетінде бірінші рет көтереді.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса түрғысын көксемекті
Мезгіл өткен дәуренді қуалаған
Неғылсын бір қартайған қу сүйекті...
Кінәсіз бәйбішемен болады араз...
Біреуі — көк балдырған, бірі — қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?

Әйел басында болған бұл сияқты ауыр трагедияны көрген Абай, мал-мүлік, байлық, салтанатқа мастанған кәрі шалдарды ажуалайды. Әйел басын допша домалатып, азаматтық арына дақ салмақшы болғандарды мінеп сөгеді.

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен —

деп, әйел мұңын, олардың ізгілік тілегін, аңсаған арманын үнемі жоғары қойып отырады.

«Етімді шал сыйпаған құрт жесін» деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға —

деп, жастың азат басын, озбырлыққа көндіргісі келмейді.

Абай әйел теңдігін сөз ете келіп, лирикалық шығармаларында сүйіспеншілік, махаббат мәселесіне де ерекше көңіл аударады. Азаматтық бостандықты сөз еткенде: жастардың тауып сүйгеніне қосылу мәселелерін көтеріп отырады да, мұны шығарманың арқауы етіп алады.

Шын көңіл мен сүйсе екен кімді сүйсе,
Бір мінезбен тұрса екен жанса, күйсе —

деп, айнымас махаббат, шын достықты аңсайды.

Абай лирикасында сүйіспеншілік махаббат мәселелері шығыс әдебиетінің стилі бойынша сағым дүниеден алынбайды, күнделікті көріп, біліп жүрген адамдардың өмірінен алынады. Сол сияқты Абай сыйпаттайтын сүйіс-

пеншілік мәселелерінде қыз бен жігіт бір бірін көргенде күйреп түсіп, махаббат отының құрбаны болып кетпейді. Бұл жағынан алғанда да Абай лирикалары шындықтың айқын айғағы болып отырады. Әйел теңдігін Абай жоғары қояды да, олардың азаматтық еркіндігін үнемі қорғап отырады.

Абай өмірдің әр алуан жақтарына көз жіберіп, қазақ аулындағы тап теңсіздігін, кедей мен байдың арасындағы үзілмей келе жатқан қайшылықтардың бетін ашады. Бұл жөнінде Абай ең алдымен бай мен кедей арасындағы шиеленіскен тартысты көрседі де, үстем таптың кедей-жалшыларды аяусыз қанап отырғандығын сыйпаттайды, олардың қолына жыйналған байлық кісі еңбегін аяусыз қанаудан туғандығын көрсетуге күш салады. Кедей-жалшылардың ауыр халін, қайыршылыққа айналған аянышты тұрмысын ақыйқаттықпен өте шебер сыйпаттайды.

Абай қанаушы тап пен еңбекші бұқараның арасындағы қайшылықты сыйпаттағанда пейзажды көбірек пайдаланып, қазақтың әлеуметтік өмір тіршілігімен табиғат құбылысын байланыстырып көркем образ жасап отыруға өте шебер. Бұл Абай шығармаларында айрықша орын алып, табиғат құбылысын адам әрекеттерімен байланыстырып кейіптеу арқылы беріледі. Күздің ызғарлы желін, көк майса шалғын, гүл жапырағынан айрылған өңсіз қарлы-жаңбырлы кезді көздің алдынан өткізе келе, күз күзетте отырған кедей, жалшылардың киімсіз, үйсіз ауыр тұрмысын суреттеуге күш салады. Көшпелі өмір тұрмысы қалың бұқараға қаншалықты ауыр болғандығын үнемі елестетіп отырады.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап,
Кемпір-шалы бар болса, қандай қыйын,
Бір жағынан қысқанда жел де азынап.

Қәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі.
Қара қыйдан орта қап ұрыспай берсе,
Ол да — қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да тоңбайды бай баласы
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.

Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Еңбекші бұқараның ауыр тұрмысы, кедей, жалшылардың аянышты халі бұл өлеңде өте айқын суреттелген. Қазақ ауылындағы тап теңсіздігінің негізгі түйіні үстем таптың кедей, жалшылардың еңбегін аяусыз пайдаланып, үнемі қанап отырғандығын ақын терең сыйпаттайды. Бай үйінің отымен кіріп, күлімен шығатын кедей өмірі, аяз бен боранға, ұры мен бөріге қарсы тұрып, мал соңында жүрген жалшының ауыр тұрмысы Абай шығармаларында айрықша орын алып отырады. Қазақ халқының көшпелі тұрмысында кедей, жалшылардың ауыр халін көрген ақын, кедей семьясының бірде-бірі қалмай, әкесі де, баласы да, анасы да түгелдей дерлік байдың қызметшісі болғандығын образдылықпен суреттейді. Кедей, жалшылардың ауыр тұрмысына жаны ашып, күйзеледі.

Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай —

деп, кедей, жалшылардың еңбегін қанап отырған бай, феодалдарды қатты сөгіп, қазақ аулындағы тап теңсіздігінің бетін ашады.

Абай дін мәселесіне келгенде де, дін иелерінің халықты алдап келгендігін нағыз реалистікпен көрсетті.

Наданның көңлін басып тұр
Қараңғылық пердесі...
Кітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі,
Мал құмар, көңлі бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Міне бұл — дін иелерінің қараңғы халықты тұншықтырып ұстап, айла-амал мен мал жыйнап, бұқара халықты үнемі езіп отырғандығын сыйпаттайтын өткір сатира. Демократиялық идеяны көтере отырып, патриархалдық-феодалдық қоғам құрылысына қарсы күрес ашып, үстем таптарды батыл сынап, жауыздық әрекеттерін үнемі әшкерелеп отырды.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла,
Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Міне бұл — өмір шындығы. Адал ойдан шыққан асқақ сөз. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскен Абай өз заманын түзетпекші болады. Алысады, күреседі, әділеттік іздейді. Содыр-соткар, қыйсық-қынырды, озбыр зұлымдарды, топас әкімдерді міней отырып, тіл найзасын түйреген ақын, творчествосын күрес құралы етіп пайдаланады. Абай, бұқара халықтың мұңын жоқтап, қараңғылықтан құтқармақшы болып талаптанады. Шарқ ұрып, шығар жол іздейді. Ұлы ақын. келешегіне үміттене карайды. Ұлы орыс халқын құрмет етіп, аға тұтады. Сондықтан да ұлттар достығын шығармасының аркауы етіп алады. Ұлт араздығын қоздырушыларға қарсы аттанады. Орыс халқының мәдениетінен үйренуге шақырады. Пушкин, Лермонтов, Л. Толстой, С. Щедринді қазақ жастарына үлгі етіп ұсынады. Орыстың классикалық әдебиетінен нәр тауып, әлеуметтік ой-пікірінен азықтанып отырады. Халықты оқу, өнерге үндейді, еңбекке шақырып, отырықшы мәдениетті елдің кәсібімен шұғылдануды ұсынады да, әлеуметтік өмірге көзқарасын ашық айтып отырады. Өнер де, білім де бәріде орыста, орыс тілін үйрен, көзің ашылады, орыс мәдениетіне ұмтыл дей отырып, болашакқа зор сеніммен қарап, қазақ халқының арасына орыс халқының мәдени мұрасын кең таратуға барлық күшін сала кіріседі.

Абай — осы сыяқты озық идеяларымен XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде айрықша орын алған қазақ халқының классик ақыны, өз заманының шындығын ақыйқаттықпен шебер суреттеген художник, кейінгілерге өшпес мұра, асыл қазна қалдырған сыншыл реалист.

Ұлы ақын өзінің тамаша шығармаларында сол кездегі дәуір шындығын реалистік түрде бейнеледі; қараңғылыққа, кертартпалыққа қарсы аянбай күресті. Халқын өнер-білімге жетілуге, орыс халқымен достық қатынасты нығайта беруге және оның озық ойынан нәр алуға шақырды. Абай мұрасының бағалылығы мен мәңгі жасайтындығының негізгі түйіні осында.

Ғ. ӘБЕТОВ

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА БИ-БОЛЫС, ОЯЗ-БАСТЫҚТАРДЫҢ САТИРАЛЫҚ ТИПТЕРІ

Абай өткен ғасырдың 80-90 жылдары әкімшілік, ел билеу мәселесін жеке тақырып етіп алып, оны қатты сынайды. «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» сықақты өлеңдерін жазады. Мұндағы Абайдың сатиралық мысқылы жеңіл-желпі үстірт алынбай, сол кездегі әкімшілік системасының шешусіз қайшылықтарынан құрылады. Өз өлеңдерінде ақын тек жеке әкімдер емес, сол кездегі әкімшілік системасы — лауазым иелерін тұтас алып, сатиралық қорытулар арқылы би-болыстардың типін жасады.

«Болыс болдым мінеки» өлеңінде әкімдер сатиралық жан-жақты алынып, кеңінен қамтылған. Автор бұл өлеңін сатиралық типті жаңа приеммен, пасық кеуделі болыстың өзін өзіне әшкерелету, жұрт алдында өзін өзіне масқаралату приемімен жазған. Әкімшіліктің халық мүддесіне тікелей қарсы жақтарын, онымен қатар ешбір түзеуге болмайтын қайшылықтарын да болыс өз аузынан айтып береді. Осылайша болыстың өзін өзі әшкерелеуі бүкіл бір дәуірді мысқылдаған сатираны тудырды, оны соншалық өткір етті.

Өлең бірден лирикалық қаһарманнан басталады. Жа-

на ғана сайланып, әкімдікке қолы жеткен болыс «Болыс болдым мінеки» деп жұртқа мақтана жар салады. Оның бұл мақтануында, қуануында әкімдік дәрежеге құмарлық та, өркөкіректік те, мансапқорлық та бар. Ал бұлардың бәрінен оның надандық, топастық, парақорлық жағы басым.

Сөйтіп, болыстың бұл мақтануы оның жағымсыз қылықтарының жыйынтығы болып тұр.

Абай өзінің бұл мысқылымен сол кездегі бүкіл әкімшілік системасын әшкерелейді. Ол кездегі сайланып қойылған болыстар алдымен ел қамын ойлаудан көрі, өздерінің бас пайдасын көздейді. Оқу-өнегеге ұмтылмайды, мансап, мақтан қуады. Бұл жөнінде Абай өзінің «Сегізінші сөз»інде: «Осы ақылды кім үйренеді? Насихатты кім тыңдайды? Біреу — болыс, біреу — би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді» дей келіп, олардың әкімшіліктен басқаны мақсат етпейтінін, олар өздерін үздік адамдармыз деп есептейтінін, тек ұлыққа жағынуды, біреуден пара алып, соның ісін қуудан қолдары да тимейтінін батыл көрсетеді. Абай өзінің бұл пікірін топтап, қорытып, көркем образ арқылы береді.

Өленде болыстың бұл мақтанға қалай жеткені де әшкереленеді:

Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап, —

деп, болыстың әкімшілікті паралап малға сатып алғаны, сөйтіп зор шығынға батқаны шенеледі.

Бұл — сол кездегі әкімшілік ісіне тән жағдай. Автор оны әдейі атап көрсетіп, сол кездің типтік ерекшелігі етіп суреттейді, оны ел ішін бұзатын, ел басқару ісіндегі, ең зиянды қылықтар ретінде алып, әшкерелеп мысқыл етеді. Таза-тақыр болып барып жеткен әкімшіліктің несі мақтан деген сатиралық қортынды жасайды. Абай өзінің «Жыйырма екінші сөз»-інде де: «Сатып алған, жалынып бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ», — дейді.

Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап, —

деген екі жолдан шығынның да босқа шыққанын көреміз. Болыс өзінің халық алдында беделсіздігін, әлсіздігін жария етіп сөйлеп, өзін өзі күлкі етеді.

Бұл жолдар болыстың әжуе бейнесін әшкерелеумен қатар, оның әкімшілік ісін игеріп әкете алмағандығын баяндап тұр. Бұл — Абай өлеңдерінде суреттелінетін бүкіл әкімдердің бәріне ортақ трагедия. Мұны Абай әкімдер жөнінде жазған өлеңдерінің бәрінде де негізгі ой арқауы етіп алады. Сатиралық типтер соның негізіне құрылады.

Болыстың ел билеуіне, әкімшілік ісін жүргізуіне келсек, оның жұртты алалап қарайтынын көреміз:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап,—

дейді. Бұл үзіндідегі «күштілер» — әрине, үстем тап өкілдері. Олар — әкімшілік жағынан алғанда ұлық, ояздар, ал ел ішіне келгенде — бай, феодалдар, ел ішінің жуандары, ру таласындағы жікті басқарушылар, болысты өз қолдарымен болыстыққа сайлаушылар. Болыстың бұларсыз күні жоқ, болыс олардың қолшоқпары. Сондықтан болыс ұлық, ояздың да, ел ішіндегі жуандардың да әмірін екі етпей, «шыбындап» тұрады.

«Шыбындау» — болыстың өзінің «күштілеріне» жағымпаздануындағы сатиралық бейнесін беретін көрініс. Болыстың «шыбындауы» — қарсы істейтін әрекеті болмай, «күштілерінің» айтқанын мақұлдап, басын изеп олардың ыркына көше беру.

Болыс өзінің бағынышты адамдарын «күштілерім» деп, басқалардан бөліп, тек өзіне ғана тәуелді етіп атайды. Мұнда автор болыстың жақтастарын кекету үшін әдеиі бөліп көрсетіп отыр. Болыс өзінің «күштілеріне» бағынышты болуымен бірге, жалынышты. Оларға жағыну арқылы ғана күнін көреді. Өйткені болыстың бұқара халық алдында еш беделі жоқ.

Ал, бұл үзіндінің соңғы екі жолындағы «әлсіз» деп аталып отырғандар — еңбекші бұқара. Олардың қолында билік жоқ, қаналушы көпшілік. Болыс олардан ешбір қаймықпайды, олардың сөзін «салғыртсып» тыңдағысы келмейді, жүре жауап береді.

«Әлсіздің» айтатын сөзі — өз праволарын қорғау, үстем тап өкілдерінен көрген зорлық-зомбылығы. Болыстың мұндай шағымды тыңдағысы келмейді. Болыс — үстем таптың мүддесін қорғайтын әкім.

Бұл төрт жол үзіндіде ел ішіндегі әлеуметтік тап жігі

айқын көрінеді. Реалист Абай қазақ аулындағы тап қайшылығын жасырмайды. Болысты әшкерелеу арқылы үстем тап өкілдерін де шенейді. «Әлсіз» бен «күшті» бір біріне қарсы қойылып, сол арқылы кекесін мысқыл беріледі.

Ел ішіндегі тап жігін көре білген Абай, оны мүлде жоюды мақсат қып қоймаса да, әкімшілік ісіндегі үлкен қайшылық тап тартысына байланысты туатынын аңғартады. «Үшінші сөзінде»: «...болыс болғандар өзі құлық арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып жәрдемі тиеді деп, қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп» дейді. Абайдың бұл айтып отырған арам, қулары — сол кездің әкімдері: би-болыстары, бай, феодалдары. Болыс:

Сыяз бар десе жүрегім
Орныкпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап, —

дейді.

Оның съезден қорқатын себебі, онда елдің дау-шары тексеріледі. Сол істі тексеру үстінде болыстың қылмысы, елден алған парасы ашылады.

Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп, дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті лүпілдеп.

Абай атшабардың бейнесін өте күлкілі етіп береді. Атшабар келгенде елді дүрліктіріп, «лепілдеп» келеді. Сөйлегенде асығыс, шошыта «дікілдеп» сөйлейді. Атшабардың сөзіне болыстың жүрегі «лүпілдей» қалады.

Бұл көрініс — әкімшілік системасын мысқылдап, өте нәзік жасалған сатиралық эпизод. Сықақ бейне тудырып тұрған атшабардың «дікілдеуі», болыстың жүрегінің «лүпілдеуі» өлеңнің ұйқасымымен ғана күшті емес, мысқыл, сықақ арқылы типтік тұлға жасалумен де күшті.

Есі шыққан болыс ояздың алдынан қам жасайды:

Тың түяқ күнім сүйтсе де
Қарбаңдадым өкімдеп. —

дейді.

Автор болысқа «тың тұяқ күнім сүйтсе де» дегізіп, оның аузына кекесін сөз салады. «Тың тұяқ» деген ұғым әзірше шамасы болғанымен, кейін дәрменсіз қалушылықты білдіреді. Ояз болысты түсіріп тастауы мүмкін, сонымен болыстың әкімшілігі мүлдем бітуі мүмкін. Автор бұл мағнаны күлкілі етіп беріп, болысқа ұлық келгенше қыймылдап қалайын дегізіп әжуәлейді. Болыс «қарбаңдадым өкімдеп» дейді. Бұл да болыстың ұлық келіп үлгіргенше ештеме өндірмейтінін байқатады, сөзі дәрменсіз, үрей болған болыстың күлкілі бейнесін анықтай түседі.

Болыс келе жатқан оязға қам жасауға бұйрық береді:

Старшын, биді жыйғыздым:
«Береке қыл» — деп, «бекін» — деп,
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, барің күтін» — деп.

Бұған жалғас саскалақтаған болыстың екіжүзділігі баяндалады:

Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
«Құдай қосса жүртымның
Ақтармын осы жол сүтін» деп
Қайраттысып, қамқорсып,
Саймаңымды бүтіндеп.

Екі түрлі сөйлеп алдау — болыстың бас қорғау амалы. Ол оязды да, халықты да екеуін екі жақта алдап, өзі солардың арасында пайда таппақшы болады:

Оязшада оязға
Мақтамаймын елімді.
Өз еліме айтамын:
«Бергенім жоқ», — деп, — «белімді»,
Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сөзім сенімді.
«Көрсеттім» деймін, ымдаймын
Кәдік қылар жерімді, —

деп, өзін өзі әшкерелейді. Бұл — халық алдында беделі жоқ, әмірі өтімсіз дәрменсіз болыстың бейнесі. Бұл көрініс алдыңғы өтірік қамқорсығанына қарсы, өзін өзі әшкере етеді.

Ұлықтың келгенін естіп, жұрт болыстың үстінен ша-

ғым беріп, бұрынғы ала алмай жүрген ақыларын даулайды:

Үлкен-кіші ақының
Бәрі сөз боп терілді...
Ақылы жандар қамалап
Кептірді сонда ерінді, —

дейді.

Болыстың паралары әшкереленіп, алған иесіне қайтарылып беріледі:

Өз малым деп қойған мал
Иесіне берілді.

Қылмысы ашылғаннан кейін болыстың басы «тезге» түседі:

Қазақты жеген қайратты «ер»
Ұрынды да берінді,...
Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы кірілді.

Өленнің идеялық мазмұнына қарағанда болыска құрылған тез де, оның мойнына түскен бұғалық та халық күші, халық тегеуіріні екені байқалады. Бұл арада болысты састырушы ояз емес, халық.

Болыстың халық алдында әшкереленуінің өзі соншалық күлкі, мазақ етіп суреттеледі. Есі кеткен болыс, болатын съезге жабдық жасап құр шаба береді:

Бір кептірмей терімді
Күн батқанша шабамын,
Әрлі-берлі далпылдап.
Етек кеткен жайылып
Ат к.... жалпылдап...
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылдап, —

деп болыстың басқаны жұмсай алмай, өзі боска даурығып шаба беретін беделсіз әкім екені әшкереленіп, мысқылданады.

Сасқан болыстың әрекеттерінің бәрі жағымпаздық үшін істеледі:

Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап.
Кей біреуге таяғым
Тиіп те кетті сартылдап...
Елің бұзық болған соң,

Оңа жатыр шартылдап.
Тәбанынан тозасың,
Құр жүгіріп тарпылдап, —

деп өзінің арам тер болып жүргені халық үшін емес, өяздың әмірін орындау үшін екенін болыс жасырмайды.

Осы үзінді өлеңдегі бір кезең тәрізді. Автор өлеңдегі сюжет желісін әрі қарай созбайды; өлеңнің геройы — болыс өз басының оқыйғаларын баяндаудан тыйылып, енді әкімшілік ісіндегі өкінішті қателерін, шағымдарын айтады.

Антұрғанның өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
Момындық күшті екенін
Көрсемдағы, күтпеймін.

Болыс — үстем тап мүддесін қорғаған адам. Сондықтан ол бай-феодалдарға бір түрлі, еңбекші бұқараға екінші түрлі қарайды. Оның момын шаруаларды қаламауы да, «күтпеуі» де таптық көзқарасына, халықты аяусыз қанауды мақсат етуіне байланысты.

Болыс ел белеу ісіне таптық тұрғыдан қарап жұртты алалауын ашықтан-ашық айтады:

Жуанды қойып, жұасты
Бір азғана шеттеймін, —

деп, ол өзінің қарапайым жұртқа ғана тісі бататынын жасырмайды. Болыс — ел ішіндегі бай-феодалдарға тәуелді адам. Болысты әкім етіп қойып отырған сол бай-феодалдар. Сондықтан да оларға әмірі жүрмейтінін атап айтып, былай дейді:

Сыяздан кейін елімді
Қысып алып кетпеймін.
Оңа бардағы қылықты
Оңа жоқта етпеймін, —

деп, өзінің әлсіздігін айтып, шағады.

Мұнымен бірге болыс ел ішіндегі «мықтыларға» тек тәуелді ғана болып қоймай, оларды өзіне сүйеніш тірек етеді.

«Мынау арам, тентек» деп
Еш кісіні теппеймін.
«Өзімдік бол» деп, ел жиып,

Құрастырып септеймін.
Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл», — деп, «күп» деймін, —

дейді.

Бұл үзіндідегі болыстың «сыртқа теппей, өзімдік бол» деп басын құрастыратындары — елдің бай-феодалдары, атқамінерлері. Ал бұзақылар болса, солардың қол шоқпарлары. Болыс осыларды жақтағаны үшін халыққа жақпайтынын жасырмай, өз қайшылығын өзі әшкерелейді.

Болыстың халыққа жақпайтын тағы бір мінезі — елден пара алушылығы:

Кәкір-шүкір, көр-жерді
Пайда көріп еңтеймін, —

дейді.

Бұл — астарлап айтылған сөз. Мұнда пара алушылық та бар және ескі әдетті ұстап, өзінің бас пайдасын көздеушілік те бар.

Заман талқысына түсіп, әкімшілік ісінің қайшылықтарын шеше алмаған болыс өз басын әлсіз санап:

Сүйегім — жасық, буын — бос,
Біраз ғана айлам бар, —

дейді.

Ол бұл жерде өз жеке басының қажығанын да жасыра алмайды. Сол «біраз ғана» айласының іске аспайтынына көзі жетеді. Сондықтан, әкімшілік системасының қайшылықтарын шешуге қауқары жетпейтінін айта келіп:

Айлам құрсын, білемін —
Болыстықтың жолы тар, —

деп, болыстық қызметтен бір жола түңіледі. Болыстың ел ішінде баянды тірегі жоқ, оны бұқара халық қолдамайды. Ал үстем тап өкілдері бай-феодалдар болса, олар азшылық, олардың өздері де бір ауызды емес, әр қайсысы өз бас пайдасын көздеген өңкей жікшілдер. Сондықтан оларды болыс:

Қайтіп көмек болады
Антұрған өңкей ұры-қар? —

дейді.

Болыс үстем тап өкілдерінің мүддесін қорғаймын деп

шабылып жүріп, халық алдына масқара болғанын шағады:

Көргенім әлгі, ойлашы,
Ұят-намыс қалды ма ар, —

дейді.

Болыстың өкінуіндегі, сол секілді шағымындағы негізгі сарын — өз басының мүддесін көздеу. Өленінің келесі жолдарында бұл пікірін ол ашып айтады:

Енді гі сайлау болғанда
Түсе ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар.

Әкімшілдіктен түсіп қалмауын ойлап, оған күнібұрын камығады. Мұндағы өткір сықақ, болыстың өзінің жеке басын, әкімдік үстемдігін ғана ойлап, халықтың халіне көңіл аудармауында, «шар салу» арқылы жүргізілетін қос сатылы сайлау системасының әкімшілікті паралап сатып алуға әкеліп соғып, ел ішін бүлдіруінде, малының арқасында билікке ие болған топас әкімдердің халыққа зорлық-зомбылық көрсетуінде. Бұл — сол кездегі әкімдерге тән типтік қалып.

Өлендегі басты кейіпкердің бірі — ояз. Басқа өленлермен салыстырғанда, мұнда ояздың бейнесі кеңірек қамтылып сатиралық тип етіп алынады. Өлендегі лирикалық қаһарманлардың барлық іс-әрекеті, оқыйға желісі, сол оқыйға желісінің шарықтауы, шешілуі — бәрі де оязбен байланысты алынып, ояздың келуі арқылы дамытылып отырылады.

Ояз (ұлық), болыс — бір-біріне ұқсас бейнелер. Олардың айырмашылығы тек қызмет бабында ғана: екеуінің іс-әрекеті шартты рай арқылы құрмаласып тұруының өзі, олардың бір тілектегі, бірыңғай қызметтегі, бір мақсаттағы адамдар екенін сыпаттаумен бірге, олардың іс-әрекетін, демек, бәрі де парашыл жандар екенін келеке етеді. Ұлық съезд ашса-ақ, болыс еліне жармасады. Жайшылықта сөзі өтпейтін беделсіз болыс, ұлық келгенде қайратына міне қалады. Екеуінің әрекетінің бір біріне байланысты болуы оларды ел алдында күлдіргі етеді.

Абай өзінің қарасөздерінде ұлықтың ел билеу ісінде өз пайдасын көздеп, әкімшілікті көбіне пара алу үшін қолданатынын ашып айтады. «Он бірінші сөз»інде: «Ұлықтар «пәлі-пәлі», бұл табылған ақыл екен деп,

мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр» — дейді. Абай ұлықтардың кашкын-пыскын, ұры-қарақшыларды да жақтап, пара алатынын да анық көрсетеді: «Ұлықтар алып беремін деп даугерді жеп, құтқарамын деп ұрыны жеп жүр»,— деп, ел ішіндегі бұзақыларды тыюдың орнына, оларды сүйеп, көбейте түсетінін баяндайды. Ұлықтардың ойлайтыны — өз қамы, патшаның қамы. Ал халық қамын еш ұлық ойлап көрген жоқ. Өйткені ұлық — патшаның қойған өкілі. Ол — патшаның отаршылық саясатын жүзеге асыратын, еңбекші бұқараны аяусыз қанайтын әкім. Осыған байланысты ол, Абай өлеңдерінде, қарасөздерінде мейрімсіз катал, халықпен араласпайтын, қайта, одан бойын аулақ ұстайтын, жүзі салқын әмірші етіп алынып, әділ әшкереленеді.

«Болыс болдым мінекей» өлеңінде ояз ел ішінде келгенде тек болыспен ғана болатынын, халықпен араласпайтынын көреміз. Халық ояздан әділеттік тілеп бармайды, тек ояздың алдына жыйналады да, болыстың қылмысын өздері ашып, ояз алдында болыстың бетіне басады.

Ояз, болыстың образдарымен қатар алынатын образдың бірі — бидің образы. Өленде би не бары бір-екі-ақ жерде айтылады, сол аз сөздің өзінде оның пара жегіш, қара басының қамын көздейтін ең сұрқияның бірі екені дәлелденеді. Халық ұлықтың алдында болыстың алған параларын әшкерелеп жатқанда, би болысты жақтамай, әзіне пайда түсетін басқа бір жақты көздеп отырғаны көрінеді.

Қайрауы жеткен қатты би
Қайрылып нетсін көңілді.
«Өз малым» деп қойған мал
Иесіне берілді, —

дейді.

Мұнда бидің болысты жақтамау себебі — болыс әшкереленіп қалды, енді болысты жақтаудан биге түсетін пайда жоқ. Сондықтан ол өзіне тиімді тағы бір параны сағалап кетеді. «Қайрауы жеткені» — бидің пара алып құлқыны толғаны. Параны нығап алғаннан кейін, би қайрауы жетіп, қатты болып отыр. Сондықтан да ол болыс көңіліне қайрылмайды.

Осы екі жол өленнің өзі-ақ бидің айқын бейнесін және өз заманына лайық, реалистік түрде жасалған типтік

бейнесін беріп отыр. Мысалы, «қайрауы жеткен» деген эпитетті алсақ, биді кекету үшін қолданылғаны байқалады. Әдетте «қайрауы жеткен» деген эпитет қылыш, қанжар, ұстараға қолданылады, оның әбден қайрауы жетіп өткір болғанын білдіреді. Ал бұл үзіндіде бидің де «қайрауы жетіп» әбден өткірленіп, демек, бір істі істеуге толық бекіп, қайтпастай бел байлағанын анықтайды. Сонда бидің «қайрауы жетіп» тас бекінгені қандай іс десек, ол — параны көп алып, сол пара алған кісінің ісін тиімді етіп шешіп беру. Міне, автор бидің пара жегіштігін кекету үшін бұл эпитетті әдейі қолданып, биді мысқылдап суреттейді.

Абайдың би мен болыстың паракорлығын, әділетсіздігін, мансапкорлығын батыл сынап, әшкерелеуі оның сол жылдары жазған басқа өлеңдерінде де кездеседі. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңінде:

Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегінді әперем деп, —

деген сөздермен болыс пен бидің әкімшілік қызметін пара алуға пайдаланатынын шенейді. «Бөтен елде бар болса» деген өлеңінде билерді былай суреттейді:

Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды.

Бұл екі жол үзіндіден билердің ел қамын ойламайтынын, тек боска ел қыдырып серуендеп жүретінін айтылады. Билердің бұл бейнесін осы екі жолдың алдында келетін:

Келелі кеңес жоғалды,
Ел сыбырды қолға алды.
Ел ішінде бітімші
Түгел алып қайтпайды
Сұрай келген бір малды, —

деген бес жолда жете айтады.

Астыртын барып жолығысқан,
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды —

деген үш жол өлең де билердің пара алатындығын дәлелдейді.

Абай «Үшінші сөз»інде билердің түк бітірмей, халық-

ты тек қатты шығынға ұшыратып жүргендерін атап айтып, былай дейді: «Әрбір болыс елде старшын басы бір би сайлағандық, бұл көп халыққа залал болғандығы көрініп, сыналып білінді».

Старшин да — би секілді өзімшіл. Екеуі де ел ісін былай қойып, алсам екен, жесем екен деп жаланданып тұрады:

Қу старшын, аш билер
Өз жүрегін жалғайды.

Абай «Мәз болады болысың» деген өлеңінде әкімшілік мәселесін жеке тақырып етіп алып, болыстың сатиралық портретін береді. Мұнда автор сол кезге лайық типтік жағдайлардың кейбіреулерін ғана алып, болыстың іс-әрекетін соның төңірегіне топтап көрсетіп, ықшамдайды. Оған жалғас автордың идеялы қарсы қойылып, болысты әшкерелеп, өлең ызалы мысқылға құрылады.

Мұнда да өлең лирикалық герой болыстан басталғанымен, көлденең адамның көзімен сырттай суреттелінеді. Өлең:

Мәз болады болысың
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың
Шенді шекпен жапқанға, —

деп болыстың орыс ұлығынан шенді шекпен жамылып, мәз болып жатқан кезінен басталады. Болыстың мәз болуында үлкен әлеуметтік астар бар екенін көреміз: «біріншіден,— болыс ұлықтың көңілін таба білген, демек, ұлықтың әмірін орындап, еңбекші бұқараны аяусыз қанай білген. Екіншіден, — ұлықпен ауыз жаласып, ұлыққа жағына білген. Сондықтан ұлық оны сыйлап, шенді шекпен жауып отыр. Болыстың мәз болуының және бір жағы, ол ұлыққа жаққан соң, өзін енді бар талабы орындалған мұнсыз адам деп есептейді. Өйткені болыстың халық алдында өз беделінің бар-жоғы бәрі бір, оған тек ұлыққа жағынып, ұлық алдында беделі болса, жеткілікті. Міне, осы көрсетілген жағдайларды Абай бір сөзбен «мәз болады» деп қысқартып беріп отыр.

Абай болыстың жағымпаз бейнесін шендеп көрсетеді. «Болыс» деген сөзді сол күйінде алмай, оған тәуелдік және екінші жақ жекеше жіктік жалғауларын қосып «болысың» деп атайды. Бұл жалғаулар қазақ тілінде біреудің асыра мақтағанда, оның қылығына, ісіне, я өнеріне,

я күш-қайратына сүйсінгенде айтылып, көтеріп көрсетуге пайдаланылады, қосымша интонациялық екпін қосады. Ал, Абайдың қолдануы бұған мүлдем қарама-қарсы. Абай болысты кекету үшін әдейі, асыра көтеріп сықақты түрде айтып отыр.

«Орысың» деген сөз де «болысың» деген сыяқты. Абай бұл арада «орысың» деп ұлықтарды айтып отыр. Бұл өлеңде ұлық образы да, болыс образындай, жағымсыз бейне етіп алынған.

Өлеңде ұлық бейнесі жағымсыз әкімдер бейнесі болуымен бірге, болыстың бейнесін толықтырып тұрады. Ол болысқа шенді шекпен жабады. Шекпенді «шелтірейтіп» жауып тұрған — ұлық, ал оны «шелтірейіп» жамылып тұрған — болыс. Сөйтіп, әрі ұлықтың, әрі болыстың кекесін бейнесі көз алдыңа келеді.

Шекпеннің жабылғанда «шелтірейіп» тұруы, оның киген адамның бойына жараспайтынын, үстіне қонбайтынын көрсетеді. Абай бұл арада шекпеннің болысқа қонбауының сыртқы көрінісін айтып отырған жоқ, оның әлеуметтік ішкі мазмұнын ашу үшін қолданып отыр. Автордың бұл ауыздағы негізгі ой арқауы — ұлықтың болысқа «шенді шекпенді» орынсыз жабуы.

Өлеңнің екінші ауызы былай болып келеді:

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?

Бұл үзіндіде болыстың бос мақтан, дарақы қылығына автордың өз көзқарасы беріледі. Бұл жолдар болыстың бейнесін тікелей көрсетіп тұрмағанымен, автордың бағасы арқылы берілген тұтас бейненің бөлшегі болып, толықтыра түседі.

Үзіндінің алғашқы екі жолында болыстың күнде жақсы бола бермейтіні, жақса да, анда-санда оның бір-ақ қылығы жағатыны, оның ұлықтан сый алып «шелтіреюі» ұзаққа бармайтыны, демек, жағамын десе де, баянды жаға алмайтыны айтылады.

Үзіндінің соңғы екі жолында, болыс өзінің ар-ұятын қанша сатқанымен, «оқалы тон» толмайтыны баяндалады.

Абайдың суреттеуінде «оқалы тон»—алдап-арбаудың, екіжүзділіктің, жағымпаздықтың, халыққа опасыздықтың сатиралық символы. Абай мұны әдейі келеке ету үшін

келтіріп отыр; тон бағалы нәрседен істеліп, бағасыз орынға жұмсалып, елді сыртынан сату сияқты пасықтық мақсатқа пайдаланылып отыр. Автор бағалы тон мен бағасыз болысты қарама-қарсы қойып, сол арқылы улы тілмен кекетеді. Екінші жағынан, сол «оқалы тон» арқылы патша өкілдерінің қазақ әкімдерін сатып алып отырғанын әшкерелейді. Келесі үзіндіде:

Күлмең қағып, қасқайып,
Салынып ап мақтанға,
Таң қаламын, қампайып
Жоқты-барды шатқанға, —

деп оқалы тон киген болыстың жүріс-тұрыс әдеті суреттелінеді. Бұл да болыстың кейіпсіз бейнесін толықтыра түседі. Болыс мақтанға салынудан басқаны білмейтін дарақы етіп алынып, типтік белгілері көрсетілген. Болыстың көзінің «күлмең қағып» тұруы, біріншіден, — оның жағымпаздығын көрсетсе, екіншіден. — тек сырты күліп, ішінен арамдық ойлап отыратын екіжүзділігін, опасыздығын танытады. Болыстың мақтанға салынып «қасқайып» сөйлеуін Абай кекесін ретінде келтіріп отыр. Қарсы қарап қасқайып сөйлеу халық ұғымында асқан шешендікті білдіреді. Біреудің шешендігін мақтағанда «топты жарып қаймықпай қасқайып сөйледі» дейді. Ал, Абайдың суреттеуінде кекету, улы сықақ бар.

Болыстың осы көрсетілген әдеттерінің орынсыз екенін қатты әшкерелей келіп, автор «таң қаламын» деп, өзінің болыстың оғат қылықтарын ұнатпайтынын білдіреді.

Болыстың жалғыз өз басы ғана емес, оның семьясының да дарақы екіні айтылады:

Үйі мәз боп қой сойды,
Сүйіншіге шапқанға.
Әуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға, —

деп, болыстың шенді шекпен алғанына үйі той қылып, жұртты мазалап, босқа шығынданғаны суреттеледі.

Автор суреттеп отырған бұл болыстың шенді шекпен алуы, оған үй-ішінің босқа шабылуы — сол кездегі типтік көріністер. Автор мұны әдейі келтіріп, сол кездегі әкімшілік ісіндегі ең кесепат, халықты күйзелтетін зиянды іс деп қарайды. Сондықтан болыстың бейнесін осы салттың төңірегіне жыйнақтап суреттейді.

Бұған жалғас автордың улы кекесінге құрылған қатаң

сыны беріледі. Мұндағы болыстың сыналған жағымсыз жақтарына автордың идеясы қарама-қарсы қойылады. Ол — ғылым:

Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға, —

деп автор оқушыны әкімшіліктен қашырып, ғылымға, өнер-білім алуға насихаттайды.

Өлеңнің соңы:

Өйтіп аскан жолығар
Кешікпей-ақ тоскаңа, —

деп аяқталады.

Бұл «асқанға-тоскан» деген халық мәтелінен алынған. Абай ол мақалды әкімшілік мәселесіне нақтылы пайдаланып, әлеуметтік мән беріп отыр.

Сонымен, бұл өлеңде әкімшіліктің типтік көріністері алынып, әкім болыстың өз дәуіріне лайық реалистік бейнесі жасалған.

Өлеңде ұлыққа ерекше тоқталынбайды. Әйтсе де, болыспен бірге ұлықтың да сатиралық бейнесі беріледі. Алайық, болысты шекпен жауып дарақылаңдыратын — ұлық. Бұл көрініс екеуіне де ортақ.

Абайдың «Уағалайкүмүссәләм» деп басталатын өлеңі де — әкімшілік тақырыбына арналып жазылған өлең. Болыспен кездесіп қалғанда әзілдеп айтылған қысқа диалог:

Уағалайкүмүссәлем,
Болыс, мал-жан аман ба? —

деп болыстың сәлемін алудан басталады да, аржағы автордың қайрыла сөйлеуі болып, жалғасып кетеді. Автор болысты әзілдеп сөйлейді, бұл өлеңдегі сатиралық мысқылды күшейте түскен.

Болыстың сәлемін алып, амандық сұрасқаннан кейін, автор оның өз басын сықақтай жөнеледі:

Мынадайға кез болдың
Аума-төкпе заманда.
Ел билеген адам жоқ
Ата менен бабанда.

Алғашқы екі жолда болыстың «аума-төкпе заманда» қыйын іске душар болғаны айтылады. «Аума-төкпе за-

ман» деп Абай, әрине, бұл арада, елдің сол кездегі қоғамдық саяси халін айтып отыр.

Бұл көрініс — өткір мысқыл. Тек болыстың өзінің жеке басы ғана емес, сол кездегі әкімшілік системасы түгел өткір сықақка алынып, тұтас бір дәуірді шенеген саяси сатира.

Келесі төрт жол өлең былай келеді:

Болыстықтан пайда қып
Шығыныңды алсаң жаман ба?
Қалжыңдаймын, әншейін,
Оған келе де бермес шаманда.

Бұл үзіндіде болыстың әкімшілікті паралап сатып алып, зор шығынға батқаны шенеледі. Мұны әкімшілік ісінің ең азғындауы деп қарап, болыстың әуре-мазақ болуының бәрі осыған байланысты екенін автор дұрыс көре біліп, оны әшкерелей отырып, мысқылдайды.

Халық ортасынан тірек таба алмаған беделсіз болыстың ұлықтан өлердей қорқатыны бұл өленде де атап көрсетіледі:

Орныңнан тұра шабасың,
Атшабар келсе қышқырып.
Ояз келсе қайтер ең,
Айдаһардай ысқырып? —

Соңғы екі жолда ояз қатал етіп суреттеліп, айдаһарға теңеледі. Ал болыс сол айдаһардың жұтайын деп келе жатқан жемтігі етіп беріледі. Айдаһар күшті, ал болыста дәрмен жоқ, тек есі кетіп үрей болады, өлердей сасады. Сүйтіп, ояз бен болыстың бірі айдаһар, бірі оның жемтігі, құрмандығы болып бірін-бірі жалмауы сол кездегі әкімшілік системасының қайшылықтарын мазақ еткен сатира болып табылады.

Бұған жалғас топас болыстың:

Отырасың үйіңде
Өз-өзіңнен күш кіріп, —

деп, тек өз үйінде ғана мықтысынатыны баяндалады. Оның дәрменсіздігін:

Босқа-ақ түсіп қаларсың,
Біреу кетсе үшкіріп, —

деп мысқылдап болыстық тұрақты қызмет емес екенін көзіне айтады.

Бұл өлеңде де болыстың елге беделсіздігі, дәрменсіздігі, қорқақтығы, заманаңың әуре-мазағы екендігі, әкімшілікті сатып алған топас, надандығы атап көрсетіліп, ол өткір мысқылға құралған тип етіп беріліп, сатиралық қорытту жасалады.

Қорыта келгенде, жеке талданып аттары аталған өлеңдер Абайдың 1880 — 1890 жылдары жазған өлеңдерінің ішінде ерекше орын алады. Олар әкімшілік тақырыбына арналып, өз алдына дербес лирикалық сюжетке құрылған. Өлеңнің лирикалық сюжетіне автор сол кездегі әкімшілік ісінің ең азғындаған типтік көріністерін алып, әкімдердің сатиралық типтерін бұл сюжеттің желісі етіп суреттейді. Бұл алынып отырған көріністер сол дәуірге типтік болумен қатар, ел ішіне ірткі салған, еңбекші халықты правосыз құл еткен, ел басқару ісін азғындырған қоғамдағы ең барып тұрған кесепат деп қаралып, улы мысқылды сатирамен әшкереленеді.

Әкімдердің әділетсіздіктерін, зорлық-зомбылықтарын әшкерелеуде автор өткір сатираны құрал етіп, жаңа приемдарды, шебер интонацияларды қолданып, әр өлеңдегі оқиғаны баяндау әдістерін де сан жолмен береді. «Мәз болады болысың»да автор мансапкор болыстың дарақы қылықтарын сырттай баяндаса, «Уағалайкүмүссәлем»де болыспен көзбе-көз сөйлескен түрде, диалог арқылы суреттейді. Ал, «Болыс болдым мінекей»де автор болыстың атынан өзі сөйлеп, объект мен субъект біртұтас қабысып келеді. Демек, болыс өзін өзі әшкерелейді. Бұл приемдар өлеңдегі сатиралық мысқылды күшейтіп, көрсете түседі.

Осы приемдар арқылы берілетін әкімдердің сатиралық типтерінің күлкілі, мысқыл жақтары көбіне олардың халыққа беделсіз әкім болуларында, екіжүзді мінез қолданып, ұлыққа жағынуларында. Олардың ең басты белгісі әкімдердің әкімшілік ісінің қайшылықтарын шеше алмауында, сөйтіп әкімшілік ісін жүргізе алмай, басқа әуре, ұлықтың қол шоқпары болуында. Бұл жағдай сол кездегі әкімшілік ісінің шешусіз трагедиясы деп қаралып, оны шешу сендердің қолдарыңнан келмейді, сендер азғындап барасыңдар деп шенейді.

Әкімдердің осы сыяқты сатиралық тип, күлкі-мазақтың объектісі болуларының себебі: біріншіден, — олардың заманы қайшылық тартыста болды, екіншіден, —

олар надан, топас болып, ескі салтты жақтап, елді талас-тартысқа түсірді. Сондықтан прогрестік жолды, ағартушылық бағытты ұстаған Абай ел әкімдерін сол кездің кесепаты, масылы, халықтың қанаушысы деп бағалайды. Міне, автордың сатиралық мысқылы осыған негізделіп, реалистік түрде беріліп, халықтық тұрғыдан қаралады.

Абайдың әкімдерді мысқылдаған сатирасы оның басқа тақырыптағы сатирасымен қатар дамыған. Бұл Абай сатирасының бір саласы болып, Абайдың ағартушылық, бұқарашылық көзқарастарының негізінде беріледі. Ескілік, қараңғылықпен қатар жаңа тәртіптің өте зиянды жағы деп есептеп, Абай әкімшілік системасын қатты сынға алды.

Осы жоғарыда талданған өлеңдерге және әр өлеңнен келтірілген үзінділерге қарағанда, Абайдың сол жылдардағы әкімдерді мысқылдаған сатирасының белгілі даму жолы бар екені байқалады. 1886 — 87 жылғы жазылған өлеңдерде әкімдерді мысқылдаған сатира бөлек-бөлек үзінді түрінде кездесіп, көп тақырыпты қамтыған тұтас өлеңнің дербес бір тақырыбы, жеке бір бөлшегі ретінде келеді. Өйткені Абайдың бұл жылдарда жазылған өлеңдерінің көпшілігі бірнеше тақырыпты қатар баяндауға құрылған лирикалық толғау болып отырады. Сондықтан бұл үзінділер белгілі сюжетке құрылмай, шашыранды болып келеді, жадағай беріліп, өлеңдегі лирикалық толғау сарынының негізінде жатады.

Абайдың бұл жылдарда жазылған сатирасы да жеке үзінділер түрінде шолақ қайрылып, тек әшкерелегіш сын дәрежесінде қалып, әкімдердің сатиралық образдары толық жасалмайды. Бұл үзінділерде адам образын беруіндегі сатиралық өткірліктен көрі лирикалық сезімге бой ұрушылық күшті. Әжуә бейненің сықақ түрін автордың өлеңдегі негізгі толғау сарыны басып кетеді. Көбіне автор образдан көрі өз байлауларын толығырақ баяндайды. Бұл жайттар үлгі-өнеге, ғибрат-насихат ретінде ұсынылады. Автор әкімдердің зиянды әдеттерінен елді бездірмекші болып, халыққа жаны ашып, кеңес беріп, ақыл айтады.

Бұл сатиралық сарындар 1889 жылғы жазылған «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» өлеңдерінде әкімдердің сатиралық бейнесіне айналады. Әкімшілік мәселесі өз алдына жеке тақырып етіп алынып, дербес

сюжетке құрылады. Әкімдер өлеңінің лирикалық қаһарманы етіп беріліп, олардың толық портреті жасалып, сатиралық тип дәрежесіне дейін көтеріледі.

Абай жасаған сатиралық типтер нақтылы, реалистік түрде шындықтағы адамдар етіп суреттелінеді. Бұл ақынның образ жасау әдістерінен де айқын байқалады. Өленде жалпылама мағна беретін я өсіріп көрсетілетін суреттеу амалдары кездеспейді, нақтылы адамның күй-іміші-сүйініші, оның сезінуі, сырт тұлғасы тұрмыстағы реалистік қалпында беріледі.

Т. НҰРТАЗИН

АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ ТУРАЛЫ

Поэзия ажарлап құрған сөз тізбегі емес, күрделі мазмұнды пікір мекені. Әдебиетте мазмұн мен түр егіз. Әдеби шығарманы кәрі-жас жаппай оқыйды, олай болса, поэзия да ортақ мұра. Абайдың өлеңдерін жыйындарда әнмен орындайды, жастар сүйіспеншілік хаттарына пайдаланады, жолаушы жол бойына ермек етіп, өлеңмен көңіл-күйін шертеді.

Өйткені поэзия адам жанының сыр сыйпатына құрылады, шын көркем шығарма адамның жан пернесін қозғайды.

Абай осы сырды терең ұғынған эстетикалық, творчестволық мәдениеті жоғары жазушы, орыстың революцияшыл демократтарының озық эстетикасымен қаруланып, заман тілегіне сай өрелі идея дәрежесіне жеткен елге әйгілі ақын.

Қандай тамаша пікірлермен толы болса да, мезгілі жеткен мәселелердің түйінін шешуге талпынса да, поэзиясыз өленде ешқандай тамаша пікір де, ешқандай жартымды мәселе де болмайды дейді орыстың данышпан сыншысы В. Г. Белинский.

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап,

Ақындары ақылсыз надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап,—

деп Абай Белинскийдің бұл пікірін өнеге тұтты, ақыл, білім, мәдениет шын поэзияның тууына керекті басты шарт деп қарады.

Символистер мен акмеистер өлеңді быяздап, сырт көрінісін сұлулап-ақ бақты. Бірақ оның там-тұмдап кездесетін мазмұны көпшілікке жат болғандықтан олардың шығармалары өз заманында да жұрттың ықыласын тартпады, өзінен өзі құрыды.

Абайдың эстетикалық пікірі бұған қарама-қарсы — көрік үшін емес, жетекші роль мазмұнда деп таныды:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы? —

Шығарма — жанды организм, онда шеберлік бой-бой болып бөлініп тұрмайды, толық тұлғасымен тұтасып келеді.

Абай өзінің толық тұлғалы өлеңімен қазақ поэзиясының өрісін кеңітті, бұрын қазақ поэзиясының ауқымына сыймаған мәселелерді, өмір көріністерін шығармасына арқау етіп жырлады. Әлеуметтік, тұрмыс-экономикалық мәселелерді сыйпаттау, адам характерін, образын жасау, сүйіспеншілік нәзік сезімдерді суреттеу, табиғат көркін бейнелеу, міндіні қаза мінейтін сатира жасау өнеріне Абай өнегелі озық шебер. Сюжетті өлең жазу, сара композиция құру, мазмұны кесектеу нәтижесінде шағын өлеңге мол идея арту, олақ сөз паналар саңлау қалдырмай, аз сөзбен көп мағна беріп, өлеңді арналы әлеуметтік мазмұнмен сықап, әр сөздің қыйсынын тауып, иін тірестіріп, сығылыстыра орналастыруда Абай шеберлігі әлі күнге дейін озық.

Әлеуметтік пікірінің құнарлылығында, тереңдігінде, әлеуметтік маңыздылығында және қарапайым жұрттың көңілін тербететін лайықты сөз тауып, әсер етерліктей, лайығымен айта білуінде де ол өзіндік ерекшелігі болған ақын.

Абай, өнерпаз қолбасшы секілді, ой-пікір әуеніне қарай куатты сөздерді біркелкі шоғырлап, биік идеяның төңірегіне топтап, сапқа қойып отырады. Тұсындағы жұртшылықтың бойында бар кінәраттарды жеке бір сапқа тізіп, оның құнсыз кулыкка құмарту екенінен, құр су-

маңдау мен құлыққа салыну екенінен халықты жиреңдіреді:

Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап —
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап...

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып сымпыйып тамақ аңдып,
Бұраңдап, жылы жүзін асқа саткан
Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып,

Құлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,
Кезеген ит тым-ақ көп біздің туста.
Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген
Антұрғанға қосылма қапылыста!

